

#ЖаңаҚазақстан

Жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсу – ең басты міндеттің бірі. Жаңа Қазақстан дегеніміз – ең алдымен, құндылықтардың жаңаруы. Сондай-ақ, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениетінің өзгеруі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТУРИЗМ



ТАБИҒАТЫ
ҒАЖАЙЫП ҚАЛА

4

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ТАРАЗЫ ЖҰЛДЫЗ»
ТУҒАНДА

24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 17 тамыздағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 217 233

II компонентпен

1 190 468

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 17 тамыздағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **10 811 034** адам,
II компонентпен **10 546 804** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
5 340 536

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.08.2022

Түнде:



+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

19.08.2022

Түнде:



+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №95 (6230) 18 тамыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚХР бас консулымен кездесті

Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы бас консулы Цзян Вэй ханыммен кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ инновациялар мен жаңа технологиялар саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды.

2

«МЕКТЕПKE ЖОЛ–2022»

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

қарсаңында Алматыда ұйымдастырылатын
акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдау



Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасылардың 20 мың оқушысы «Жаппай оқыту» қорынан көмек алады. Биыл шаһарда «Жаппай оқыту» қорынан берілетін көмек сомасы мектеп формасы мен кеңселік керек-жарақтарды сатып алу үшін бір балаға 43 мың теңгені құрайды. «Жаппай оқыту» қоры жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

8

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Сингапурға ресми сапармен барады.
- Премьер-Министр Әлихан Смайылов TAV Airports Holding компаниясының президенті Серкан Каптанмен кездесті.
- Алматының Түрксіб ауданында 13 ескі үй сүріледі.
- Қазақстандық зілтеміршілер Ислам ойындарында 10 медаль иеленді, олардың үшеуі алтын, бесеуі күміс және екеуі қола жүлде.
- Магистратураға түсуге 17 мың талапкер өтініш берді.
- Еліміздің 7 өңірінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл тағайындалды.
- Шаһарда жас кәсіпкерлерге BBQ Business Fest жиыны өткізіледі.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлын қабылдады.

Облыс әкімі Президенттің Ұлытау облысына жасаған сапарының қорытындылары негізінде әзірленген аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасын ұсынды. Ұлытау өңірінің экономикасын әртараптандыруға бағытталған маңызды құжат 240-тан астам іс-шараны қамтиды. Олар әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды дамытуды және өңірдегі ең өзекті мәселелерді шешуді көздейді.

Кешенді жоспарда инвесторлар тарту, қатты күйінде келетін пайдалы қазбалар өндірісін кеңейту мен жаңа кен орындарын игеру, геологиялық кластер құру мен оны дамыту мәселелері қарастырылған. Бұдан бөлек, жаңадан ет өңдейтін кешен, құс фабрикасы мен жылыжайлар салу жоспарланған. Келесі жылы жалға және несиеге берілетін 132,8 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы, көпсалалы аурухананы жаңғырту, онкологиялық диспансер мен Жезқазған қаласында заманауи «Ана мен бала» орталығын ашу жұмыстары жүргізіліп, Ұлытау ауданында аурухана салынады. Сонымен қатар, әрбір аудан орталығы мен ауылдарда 26 медицина мекемесі ашылады. «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасы аясында 11 орта мектеп пен 8 балабақша салу көзделген. Облыстық маңызы бар 289,5 шақырым жолды, аудандық маңызы бар 112,5 шақырым жолды жөндеу мен қалпына келтіру жоспарланған.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің биылғы 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың мәліметінше, есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 8 трлн 463 млрд. теңге сомасында кірістер түскен, республикалық бюджетке түскен кірістер 5,6 трлн теңге шамасында. Бұлар трансферттерді есепке алмағанда. Жоспар 101,3%-ға орындалды. Жергілікті бюджеттердің кірістері – 2 трлн 864 млрд теңгені (113,3%) құрады. Ал мемлекеттік бюджеттің шығыстары 98,7%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары – 99,6%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98%-ға атқарылған.

■ ТӨРАҒА

Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова Мемлекет басшысына аудиттің жоғары органының биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі қорытындылары, сондай-ақ Президент тапсырмаларының орындалу барысы жөнінде баяндады.

Ұсынылған ақпаратқа сәйкес, есептік кезеңде 1,3 триллион теңге көлеміндегі бюджет қаражатын қамтитын 77 нысанда 14 аудиторлық іс-шара өткізілген. Одан бөлек, Наталья Годунова Қасым-Жомарт Тоқаевқа Есеп комитетін Жоғары аудиторлық палата ретінде қайта құру бойынша әзірленген тәсілдер жөнінде ақпарат берді.

■ МИНИСТР

Энергетика министрі Болат Ақшөлақов Үкімет отырысында ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша мәселе көтерілгенде «дизель отынына жоғары сұранысты жабу үшін барлық ресурстардың бірінші кезекте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ЖКС-ға бөлінетінін» хабарлады.

Өнеркәсіп кәсіпорындары мен ҚТЖ үшін отын қалдықтары екінші кезекте бөлінетін болады, ал жетіспеген жағдайда қажетті көлем импортталмақ. Бағалар тұрғылықты жеріне, тұтыну көлеміне және көлік түріне қарай сараланатын болады. Мәселен, қазақстандықтар үшін жүргізуші куәлігі болған жағдайда, қазіргі баға – 230–260 теңге бойынша лимит тәулігіне 100 литр дизель отынын құрайды. Қазақстанда тіркелген жүк көлігі үшін – тәулігіне 300 литр. Қалған адамдар тобына, сондай-ақ көрсетілген көлемнен артық дизель отыны үшін 1 литр 450 теңгеден сатылатын болады.

■ ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Ашық диалог» порталында «Интернет кеңістіктегі діни экстремизмнің алдын алу мәселелері» тақырыбында интернет-конференция өткізді.

Интернет-конференция барысында интернет-кеңістікте зайырлылық қағидаттарын ілгерілетуге және конфессияаралық келісімді нығайтуға, халықтың радикалды идеологияларға имунитетін қалыптастыруға, сондай-ақ дінтанулық және құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Интернет-конференция <https://dialog.egov.kz/conference/2601> сілтемесі бойынша қолжетімді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

«БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІНІҢ БҮГІНІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасын қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің қорытындылары мен агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалды. Президентке басқарма төрағасы Қанат Шарлапаев ұсынған мәліметтерге сәйкес:

- Ірі бизнесті қаржыландыруға 143 миллиард теңге, шағын және орта бизнеске 510 миллиард теңге, агроөнеркәсіп кешеніне 241,3 миллиард теңге жұмсалған.
- Холдингтің қолдауымен жеке құрылыс салушылар жалпы ауданы 759 мың шаршы метр үйді пайдалануға берді.
- Жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу арқылы ауданы 56 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, қолданысқа берілді.
- Бұл ретте 39 мың отбасы, соның ішінде 7,2 мың кезекте тұрған азаматтар жеңілдігі бар ипотекамен тұрғын үй сатып алды.
- Бұдан бөлек, 2022 жылы холдингтің қолдау көрсетуімен 2 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 29,6 мың пәтер пайдалануға берілмек. Жалпы, аталған шаралар 250 мың адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында холдинг «Жасыл-Даму» АҚ қаражаты есебінен отандық ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасына қатысуға өтініштер қабылдай бастады. Жеке тұрғын үй қорының жалдау ақысын субсидиялау тетігі енгізілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қанат Шарлапаевқа бизнесті дамытуды жақсарту және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

ИННОВАЦИЯЛАР МЕН
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
ҚХР бас консулымен кездесті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Қытай Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің тізіміне кіреді. Алматы қаласы мен Қытай арасындағы тауар айналымы жедел қарқынмен өсуде. Мәселен, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша тауар айналымы 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 51,6%-ға артып, 2 млрд 850 млн АҚШ долларын құрады.

Жылдың соңына дейін Индустриалды аймақта радиаторлар өндіру бойынша тағы бір инвестициялық жобаны іске асыру күтілуде. Бұл жобаға салынған инвестиция көлемі 11,6 млрд теңгені құрайды, 430 жаңа жұмыс орны ашылады.

Өткен жылы Алматы қаласының Сычуань провинциясымен ынтымақтастық туралы жасалған меморандумды ескере отырып, Қытай инвесторларын ғылым мен білім саласында және сауда-экономикалық, мәдени қатынастарды жандандыруға кеңінен тарту ұсынылды.

Бүгінде Алматыда
Қытай капиталының
қатысуымен 898 кәсіпорын
жұмыс істейді.

Үлкен диаметрлі
болат дәнекерленген
құбырлар шығаратын
зауыт бірлескен
маңызды жобалардың
бірі болды. Оны іске
қосу нәтижесінде
2021 жылы 300-ден
астам жұмыс орны
құрылды. Инвестиция
көлемі 33 млрд теңгені
құрады.

Жаңа технологияларды дамыту, цифрландыру жұмыстары аясында өткен жылдың желтоқсан айында Алматы мен Шэньчжэнь қалалары арасында өзара түсіністік туралы меморандум жасалды. Ағымдағы жоспарларда 2 қаланың жергілікті ИТ-бизнесін қолдау үшін өзара преференциялар құрылады және Smart City цифрландырудың инфрақұрылымдық жобаларын енгізу бойынша әдіснама жасалады.

Кездесу соңында тараптар өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытатын айтарлықтай әлеует пен перспективалық бағыттарды атап өтті.

«Қала бойынша 30 мың ана болса, соның 35 пайызы, 8077 тұрғын Алатау ауданында тұрады. Бүгін кездесу өтті. 40 шақты көпбалы ана, яғни ұйымдардың жетекшілері келіп отыр. Осы тұрғыда біздер демеушілермен Алатау әкімдігі тығыз байланысып отырып, көмек қолұшын созып отырмыз», – деді Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков.



ТУРИЗМ

ТАБИҒАТЫ ҒАЖАЙЫП ҚАЛА

Алматының туристік әлеуетін арттыру үшін
белсенді жұмыс жүргізу маңызды**Таңғажайып табиғатымен кімді де болса баурап алатын Алматыға соңғы жарты жылда шетелден 55 мыңнан аса шетелдік турист келіпті.****Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Туристік ақпараттық орталық директорының орынбасары Бауыржан Пазылхайырдың айтуынша, мың жылдық тарихы бар алып қала ағымдағы жылдың 6 айында 322 мың туристке қызмет көрсеткен.

Алматы шетелдік туристердің сүйікті қаласы болуына әбден лайық. Өйткені, бізде бұл салаға ілгерілеу бар. Мәселен, 2021 жылдың алғашқы тоқсанында туризмге салынған инвестиция көлемі 29,6 млрд теңге болған. Бұл көрсеткіш туризм саласына деген шетелдіктер тарапынан сұраныстың барын көрсетеді.

Бүгінде Алматының туризм саласын дамытуға барлық жағдай жасалған. Тау соқпақтары цифрландырылып, бес жүз шақырым жол жөндеу жұмыстарынан өтті. Тікұшақ қонатын алаң, жедел көмек көрсететін орта-

лықтар да салынды. Өйткені, «апат айтып келмейді». Сондықтан мұндай дүниелер төтенше жағдай кезінде өте керек. Табиғи апаттарды ауа райын болжаушылар алдын ала хабарлап отырады дегеннің өзінде, табиғатқа ешкімнің күші жетпейді, сөзі жүрмейді. Сондықтан осындай алдын алу қызметтерінің ойластырылуы туризм саласының жұмысына оң баға береді.

Алматы қаласын дамыту бойынша өткен жиындардың бірінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қаланы көгалдандыру мәселесінде науқаншылыққа, ұқыпсыздыққа және әлдекімдердің мүдделерін қолдауға жол берілмеуі тиіс. Бұл мәселеде ғылыми көзқарасқа, кәсібилікке, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға және қаланы үйлесімді дамытуға басымдық берілуі керек. Алматыға «жасыл қала» мәртебесін қайтаруға міндеттіміз», – деген болатын.

Қазір қаламызда абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары күн тәртібінен түспей тұр-



ған мәселеге айналған. Өйткені, жасыл қор Алматының туристер қызығатын келбетін жоғалтпауға зор мүмкіндік береді.

Өткен жылдары пандемия туризм саласын біраз тұралатқаны рас. Сол қиындықтарға қарамастан саяхатшылардың Алматыға деген ықыласы ерекше болды. Әйтсе де, бұл сектор қазір біртіндеп бойын тіктеп келеді. Бүгінде шетелдік қонақтарды қалаға тарту бағытындағы жұмыстар жалғасып жатыр. Сала басшылары осы мақсатпен биыл 100-ге жуық туроператормен ортақ меморандумға қол қойды.

Қалалық туризм басқармасының мәліметінше, биыл шаһар қонақтарының басым бөлігі Катар, Араб Әмірліктері мен Сауд Арабиясынан келген. Қонақтар, әсіресе, Ала-таумен ағасқан жасыл-желекке, тұмса табиғатқа, дамыған инфрақұрылым мен тұрғындардың қонақжайлығына жиі тәнті болады екен. Алматы іскер туристер де жиі келетін шаһарға айналған. Мәселен, күні кеше Катардың ірі сауда-саттықпен айналысатын компаниясы жақсы жұмыс істеген 47 менеджерді Алматыға демалуға жіберіпті. Әлемге әйгілі холдинг қызметкерлері мегаполиске тек іссапармен ғана емес, демалу үшін де арнайы ат басын бұратындарын айтты.

Туристік ақпарат орталығының директоры Едіге Марғұлан туристердің Алматыға көптеп келуі арадағы шекараның ашылып, әуе қатынасы жаңарған соң пайда болғанынан деп топшылайды. Орталық директорының айтуынша, қазір халықаралық нарықта қаламызды дамыту көзделген. Туристер тартуды қала әкімдігі мен осындағы туроператорлар қолға алған.

Қазір әлемдік ірі компаниялармен іскерлік қарым-қатынасты нығайту маңызды. Сондықтан да Алматының туристік әлеуетін арттыру үшін белсенді жұмыс жүргізу кезек күттірмейді дейді мамандар.

ЖАНАРМАЙ

Алматы қаласының әкімдігі Энергетика министрлігімен бірлесіп, ірі жанармай құю станцияларының желілеріне дизельдік отынның үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етуге көмек көрсетіп жатыр.

ҮЗДІКСІЗ
ЖЕТКІЗІЛЕДІ**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Мегаполистегі жанармай құю станцияларына дизельдік отын үш қазақстандық мұнай өңдеу зауытынан (Павлодар, Атырау, Шымкент) жеткізіледі.



«Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы көтерме жеткізушілермен бірлесіп, тұрғындарды қажетті көлемде дизельдік отынмен қамтамасыз ету мәселесін пысықтауда. Дүрбеленді болдырмау мақсатында мұнай базалары мен жанармай құю бекеттеріндегі дизельдік отынның келісім-шарттық көлемдерінің қорларына тұрақты мониторинг жүргізілуде, жол бойында дизельдік отынмен қамтамасыз етуде іркілістерді болдырмау үшін «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-мен келісім бар. Мегаполисті дизельдік отынмен қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауда», – деп хабарлады әкімдіктен.

Қалада тұтыну көлемінің өсуі басқа аймақтардан келетін ауыр транзиттік көлік иелерінің дизельдік отынға сұранысының артуына байланысты орын алған.

Бүгінде Алматыда 220 жанармай құю бекеті жұмыс істейді. Оның 80 пайызы 6 ірі компанияға тиесілі.



НАРЫҚ

ҰННЫҢ
БАҒАСЫ ӨСТІ

Елде ұн бағасының жыл сайынғы өсуі 37 пайызды құраса, ұн өндірісі 1,5 пайызға өскен.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Биыл қаңтар-маусым айларында елімізде дәнді дақылдардан 1,6 миллион тонна ұн өндірілді. Былтырғыдан 1,5 пайызға артық.

Өңірлік тұрғыда ұн өндірудің ең үлкен көлемі дәстүрлі түрде Қостанай облысына тиесілі: 552,4 мың тонна, жылына 7,4 пайыз. Үздік үштікке Солтүстік Қазақстан облысы (164,5 мың тонна, жыл бойынша 10 пайыз) және Шымкент (141,5 мың тонна, 14,9 пайыз) облыстары да кірді.

Экспортқа 764,7 мың тонна ұн жөнелтілді. Өткен жылмен салыстырғанда, 36,2 пайызға артық. Экспорттың үлесі ресурстардың 58,1 пайызын құрады. Ішкі нарықтағы сату көлемі 21,3 пайызға төмендеп, 551,7 мың тонна болды.

ТМД елдеріне 212,7 мың тонна ұн жөнелтілді. Былтырғымен салыстырғанда, 15,1 пайызға артық. Қазақстандық ұнның басым бөлігі Өзбекстанға жөнелтілді: 158 мың тонна – 2021 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда, 17,6 пайызға көп.

ТМД-дан тыс елдерге 223,7 миллион доллардың 552 мың тонна ұн жөнелтілді.

Биыл шілдеде ұн бағасы бір жыл бұрынғымен салыстырғанда, 36,6 пайызға қымбаттады. Бірінші сұрыптағы ұнның 1 келісінің құны – 225 теңге, жоғары сорттысы – 343 теңге болды.

Ірі қалалардың ішінде жоғары сортты ұнның ең жоғары бағасы елордада (424 теңге), ең төменгісі Павлодарда (222 теңге) байқалды.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАРДЫҢ БАҒАСЫН БІЛМЕЙМІЗ...

Елімізде қой жүні мен терісінің көк тиын құны жоқ

Қазақстан мен Өзбекстан арнайы экономикалық аймақтарда бірлескен кәсіпорындар құру мәселесін талқылады.

**Құралай
ЖҰМАДІЛОВА**

Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының алаңында Өзбекстанның былғары аяқкиім және жүн-тері кәсіпорындары қауымдастығы төрағасының орынбасары Адхам Муйдинов бастаған делегациясымен бизнес-кездесу өтті. Іс-шараға Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы, Алматы өңірлік палатасының өкілдері, кәсіпкерлер қатысты.

Кездесуде көлік-логистика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, тоқыма, былғары галантерея, құрылыс материалдары, тамшылатып суару салаларындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Алматы кәсіпкерлер палатасы аппаратының басшысы Тимур Бекеев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық ғасырлар бойы жалғасып жатқанын, бұл байланысты жаңа деңгейге шығару қажеттігін айтты.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қазақстандық компаниялармен іскерлік және сауда байланыстарын орнатуға бизнестің сенімді серіктесі болады», – деп атап өтті Тимур Бекеев.

Өзбекстанның былғары аяқкиім және жүн-тері кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Адхам Муйдинов мемлекеттік дең-

гейдегі жүйелі қолдау былғары аяқкиім және жүн-тері бағыттарын өзбек экономикасында ең жылдам дамып келе жатқан бағыттардың біріне айналдырғанын айтты.

«Сала кәсіпорындары 600 миллион доллардан астам мемлекеттік қолдау алды. Бұл 600-ден астам жобаға арналған инновациялық бағдарламаны әзірлеуге және іске қосуға мүмкіндік берді. Бір салада біз 200 миллионнан астам долларға 100-ден астам жобаны жүзеге асырдық. Мысалы, 2021 жылы 10 миллион долларға 115 миллион жұп былғары аяқкиім шығарылды. Өткен жылы экспорт көлемі 21 миллион долларға артты», – деді Адхам Муйдинов.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының құрылтайшысы Наталья Ахшабаева екі елдің жеңіл өнеркәсіптегі ынтымақтастығының зор мүмкіндіктерін атап өтті. Қазір қауымдастық құрамында тоқыма, тігін, аяқкиім және тері бағыттарын біріктіретін 124 компания бар. Қазақстанда бұл салада 1100 компания жұмыс істейді, соның ішінде 980 компания – шағын бизнес өкілдері.

«Бұл жеңілдетілген салық режимі бар жеке кәсіпкерлер үшін ыңғайлы. Ірі компаниялар негізінен үлкен тапсырысқа бағытталған, қазір нарықтағы жағдай өте қиын. Өкінішке қарай, қазақстандық жеңіл өнеркәсіпте Өзбекстандағыдай мемлекеттік қолдау мен назар аздау. Біздің өндіріс өңдеу өнеркәсібі көлемінің тек 1%-ын ғана құрайды», – деп атап өтті Наталья Ахшабаева.

Қауымдастық құрылтайшысының айтуынша, Қазақстанда тоқыма өндірісі бойынша кластер құру немесе аяқкиім фабрикасын толық циклді ашу мүмкін емес. Елде фермадан фабрикаға дейін жеткізу тізбегі бұзыл-

ған. Фермерлер жүн өндіруге мүдделі емес, тері қабылдау пункттері жұмыс істемейді. Біздің тарихи қолөнеріміз – былғары өндіру, тері илеу, қой жүнін өңдеу жоғалған.

«Статистикалық мәліметтерді келтіре аламын: жыл сайын біз 450 тонна мақта, 25–37 мың тонна жүн және 7,5 миллион тері өндіреміз. Бірақ дайын өнімнің 95%-ын біз импорттаймыз, себебі, шикізат іс жүзінде қайта өңделмейді, барлық логистика бұзылған. 2019 жылы біз 36 мың тонна жүн жинадық, 27 мың тонна жойылды. Жай жиналып, босқа тасталды. Жүн дұрыс сақталмағандықтан шіріп кетті. Біздің фермерлер жеңілдікті қойдың басына ғана алады, ал оның терісі мен жүнін тапсырғаны үшін оған ешқандай субсидия берілмейді», – деп мәлімдеді қауымдастықтың құрылтайшысы Наталья Ахшабаева.

Қазір қауымдастық қаржы және Индустриялық даму министрліктерімен тоқыма өндірісінің толық циклінің тізбегін қалпына келтіру қажеттілігі, жүнді субсидиялау, логистика, сақтау, тапсыру мәселелері туралы келіссөздер жүргізіп жатыр.

Кездесу барысында екі елдің кәсіпкерлері ынтымақтастық және дайын өнімді Қазақстанға тікелей жеткізу, сондай-ақ Алматының арнайы экономикалық аймақтарында бірлескен кәсіпорындар құру мәселелерін талқылады. Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Бас консулы Аброр Фатуллаев Алматы өңірлік палатасының басшылығына келіссөз алаңын ұсынғаны үшін алғыс айтып, кездесудің тиімділігін атап өтті. Тимур Бекеев ҰКП жеңіл өнеркәсіп, құрылыс, тамшылатып суару салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін барлық күш-жігерді ұсынатынын айтты.



«АҚШАМ» СЫНЫНАН КЕЙІН

ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Жыл басынан бері қала тұрғындары көшедегі әжетханалардың жұмыс істемегеніне наразылықтарын білдіріп, редакциямызға үздіксіз қоңырау шалған болатын. Жақында аталған мәселенің түйіні шешілді. Қаладағы 20 нысан әкімдік қарауынан «ЭкоМед Сервис» жеке компаниясының сенімді басқаруына өтіп, әжетханалар тұрғындарға қызмет етіп жатыр.

«Бүгінгі таңда компания мынадай жұмыстарды жүргізуде: тұрғындарға қажетті жағдай жасау, сумен жабдықтау, су бұру және дәретханаларды электрмен жабдықтау. Кабиналарда монета қабылдағыштар орнатылған», – дейді басқарма қызметкерлері.

Қазіргі таңда Алматыдағы жұмыс істеп тұрған қоғамдық дәретханалардың мекенжайы келесідей:

- Байсейітова көшесі (Республика алаңы солтүстік жағы);
- Абай даңғылы мен Байсейітова көшесінің қиылысы (оңтүстік жағы);
- Панфилов көшесі (Жібек жолы даңғылы, солтүстік-шығыс жағы);

- Астана алаңы (ҚБТУ университетінің шығыс бөлігі);
- Жібек жолы көшесі (Желтоқсан көшесінің солтүстік-шығыс жағы);
- Байтұрсынов сквері (Жамбыл көшесінің солтүстік-шығыс жағы);
- Абай атындағы театрдың жанында (Шығыс жағы);
- Амангелді көшесі (Абай даңғылының шығыс бөлігі);
- Желтоқсан көшесіндегі Иманов гүлзары (Мәметова көшесінің оңтүстік жағы);
- Көктөбе паркі (төменгі тұрақ аймағы);
- Төлебаев көшесі, Абай даңғылынан төмен шығыс жағы;
- Орталық стадион (Абай даңғылы) оңтүстік бөлігі;
- «Көктем-2» ықшамауданы (Темирязов көше бойы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға қарама-қарсы жағы);
- Гагарин даңғылындағы аллея (Жандосов және Сәтбаев көшелерімен қиылысы);
- Сарыарқа гүлзары (Алтынсарин даңғылының батыс жағы);
- 8 ықшамауданы (№116 мектеп стадионының шығыс бөлігі);
- «Сайран» автовокзалы (Төле би даңғылының солтүстік-шығыс жағы);
- Шалов көшесі, Пятницкий көшесінің қиылысы (солтүстік-батыс жағы).

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ҮРЕЙЛІ ӨТПЕЛІ ЖОЛ



Райымбек–Брусиловский көшесінің қиылысындағы жолүсті өтпелі жолы адам шошынарлық жағдайда. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жедел саты ұрланып, орны ашық қалған. Салдарынан өтпелі жол жаяу жүргіншілерге үлкен қауіп төндіріп тұр. Суретте көрсетілгендей, жедел сатының орны қоршалмаған.

– Өтпелі жолдан өтуге қорқып қалдық. Әсіресе, балалар мен өткен өте қауіпті. Себебі, қоршау жоқ. Биіктіктен

құлаған адам жазым болып кетуі мүмкін. Төменде көліктер зулап жатыр. Бұл жердің ашық тұрғанына 1 аптадан аса уақыт өтті. Ешқандай шара қолданылған жоқ, – дейді жолаушы Данияр Есімбек.

Бұл – өтпелі жолдағы жалғыз ғана мәселе емес. Тағы бір көтеретін үлкен мәселе – жолдың тура ортасындағы жырықтар. Өтпелі жол жүрген сайын селкілдеп жолаушылардың үрейін тудыруда. Алмалы ауданы әкімдігінен тұрғындардың өміріне қауіп төндіріп тұрған мәселені уақыт ұзартпай шешіп беруін сұраймыз.

МЕДЕУ АУДАНЫ



Қауіп қайдан...

Қалдаяқов көшесіндегі 103 үйге қарама-қарсы жатқан «Кіші Алматы» өзеніне жарық бөренесі құлап қалған. Ток келіп тұрған бөрене өткен-кеткендерге зиянын тигізуі бек мүмкін. Тұрғындар адамдар жиі қатынайтын көше бойындағы мәселенің тез арада шешілуін сұрайды.

– Бөрененің қалай құлап қалғанынан бейхабармыз. Таңертең осындай жағдай орын алған екен. Алайда, жсауапты мекемелерден ешбір адам келіп, ахуалды қараған жоқ. Токтың суға құлағанынан қорқып, көшені айналып өтіп жүрміз. Бұл қаланың орталығына жақын болғандықтан, көп адам жүреді. Біреуі боламаса, біреуін ток ұрады ма деп қорқамыз. Сонымен қатар, осы бөренеге жақын жерде шіріп, құлаудың аз-ақ алдында тұрған ағаш бар. Әкімдіктен осы екі мәселені шешіп беруін сұраймыз, – дейді Әсем есімді тұрғын.

Әкімдікке мәселе бойынша хат жолданды. Атқарушы мекеме мәселенің шешіліп жатқанын айтып, жақын арада бөрененің қалпына келетінін жеткізді.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН КӨШЕ



ҚазКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері атанған Гүлғайша Еңсенова тұрып жатқан ықшамауданындағы мәселеден шаршағанын айтып, редакциямызға хабарласты. Тұрғынның айтуынша, бұрынғы Айша бибі, қазіргі атауы – «Шуақты» ықшамауданы мүлдем қараусыз қалған. Тұрғын үйлерге мүлдем коммуналдық жағдай жасалмаған. Сондай-ақ, көшенің жаңа атауы тұрғындарға келеңсіздік тудырып жатқан көрінеді:

– Осы жерде 22 жыл тұрамын. «Айша бибі» шағынауданы 2019 жылдан бастап «Шуақты» болып өзгерді. Мысалы, менде Айша бибі, 138/5, екінші мекенжайы Шуақты ауданы, Береке, 99. Жұрттың бәрінде осындай әурешілік. Жедел жәрдем, такси шақыртсақ қос аптен айтып тұрамыз. Сонымен қатар, бізде коммуналдық жағдай жасалмаған. Газды, суды тұрғындар өз қаражатына жүргізді. Кәріз жүйесі мүлде жоқ. Ай сайын кәріз машинасын шақыртамыз, 12 000 теңгені қалтамыздан қағып әкетеді. Мұндай қымбатшылықта әбден қиналып жүрміз. Сол себептен, кәріз жүйесін орнатуға көмек сұраймыз. Қаниша рет телеарна шақыртып газетке жаздық, ешкімнен көмек жоқ. Жаңа Қазақстан дәуірі басталды. Мүмкін бізге өкімет жағынан бір көмек болады деген үміттеміз, – дейді тұрғын.

Осы мәселе бойынша әлеуметтік желіде Түрксіб ауданы әкімдігіне арнайы хат жолдадық. Алайда, әкімдік қызметкерлері қараусыз қалған көшеге қарауға ниетті емес секілді...



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

САНАЛЫ ТАҢДАУ – САПАЛЫ ТҰРМЫС КЕПІЛІ

Әлем елдерінің экологиялық дағдарысты еңсеруіне жасаған қадамдарына Қазақстанның да қосар үлесі бар

Адамның жер бетіндегі тіршілігі табиғатқа орасан зор залал келтіруде. Өйткені, бертін келгенше адамдар «өзімізден кейін жер бетінде күл болмаса, бұл болсын» деген қағидамен өмір сүрді. Адамзаттың бағына қарай кейінгі жылдары «жасыл экономикаға» деген бетбұрыстың арқасында табиғатқа деген жанашырлық күшейе бастады. Әлем елдерінің экологиялық дағдарысты еңсеруіне жасаған қадамдарына Қазақстанның да қосар үлесі бар.

Жасыл экономика – адамның жер ресурстарына жауапкершілікпен қарауына ықпал ететін экономикалық дамудың бір моделі. Бұл адамның тұрмыс-тіршілігінің жайлылығы мен табиғи байлықты сақтауды көздейді. Экономикалық даму өндіріс пен тұтынудың үздіксіз өсуімен қатар жүреді. Соңғы елу жыл ішінде жер бетінде өркениеттің 1950 жылға дейінгі бүкіл кезеңімен салыстырғанда көбірек өнім шығарылды. Бір жағынан, өндірістің қарқынды дамуы халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді, ал екінші жағынан экологияға теріс әсер етеді. Жыл сайын адамдар 11 миллион гектардан астам орманды жойып, атмосфераға 20 миллиард тонна көмірқышқыл газын шығарады, 300 миллион тоннадан астам пластикалық қоқыс шығарады. Егер осы процесс үздіксіз жалғаса беретін болса, адамзат жаһандық экологиялық апатқа ұшырайды. Жаңа экономикалық тұжырымдама экономикалық өсу мен табиғи ресурстарды сақтау арасындағы қайшылықтарды жою мақсатында жасалды.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА
ПРИНЦИПТЕРІ

2012 жылы БҰҰ Экологиялық бағдарламасын іске асыру шеңберінде негізгі қағидаттар тұжырымдалды.

Түімділік және жеткіліктілік
қағидаты

Бұл қағидатқа сәйкес, табиғи жүйелерді қалпына келтіруге зиянсыз болатын деңгейге дейін жер ресурстарын пайдала-



ну шектеледі. Мемлекеттер тұрақты өндіріс пен тұтынуды қолдайды, сол үшін де төмен көміртекті және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізеді.

Тұрмыстық жайлылық принципі

Халықтың әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте оның өлшемдері қайта қаралуға тиіс. ЖІӨ деңгейі (жалпы ішкі өнім) – әл-ауқатты бағалаудың құралы бола алмайды, өйткені ол экологиялық факторды ескермейді.

Сау планета принципі

Мемлекеттер экологияны қалпына келтіруге және табиғи әртүрлілікті сақтауға инвестиция салуы керек. Жаңа жүйенің ұраны: «Біз жерді әкелерімізден мұра еткен жоқпыз, оны балаларымыздан қарызға алдық».

Жасыл экономика кезеңдері

Бүгінгі таңда жаңа экономикалық модельге көшу қажеттілігі күмән тудырмайды. Бірақ мұны сақтықпен жасау керек. Әйтпесе, экологиялық апаттан басқа, әлем үлкен қаржылық шығындар мен әлеуметтік-саяси проблемаларға тап болады. Көшудің негізгі кезеңдерін Еуропалық Одақ енгізген экологиялық бастамалар мысалынан байқауға болады.

Зиянды өндіріске инвестицияларды азайту

Мысалы, Еуропалық инвестициялық банк (жеңілдетілген несиелер беретін мемле-

кеттік банк) 2022 жылдан бастап газ жобаларына несиелер беруді тоқтатады. Сарапшылардың пікірінше, болашақта бұл саланы жеңілдетілген мемлекеттік несиелерден айырып қана қоймай, оның жеке инвесторлар үшін тартымдылығын төмендетеді.

Салық жүктемесін арттыру

2026 жылы Еуропарламент көміртегі салығын енгізуді жоспарлап отыр. Өндірісі көмірқышқыл газының ауқымды шығаруына байланысты тауарларды ЕО-ға әкелгені үшін ақы алынатын болады. Еуропалық өндірушілер өз кезегінде шығарындыларға квота сатып алудан босатын жеңілдіктерден айырылады.

«Жасыл» салаларды қаржылық қолдау

Еурокомиссия 2019 жылдың соңында әзірлеген «Жасыл стратегия» шеңберінде 2030 жылға дейін ЕО климаттың өзгеру салдарын болдырмауға 260 млрд еуро бөлуді жоспарлап отыр. Стратегия бірнеше бағытты қамтиды: биоәртүрлілікті сақтау, көлік шығарындыларын азайту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту.

Ресурстарды қажет ететін өндіріс әдістерін қысқарту

ЕО елдерінде соңғы он жыл ішінде жабық цикл экономикасына көшу жүріп жатыр. Мұндай экономикалық модель өндіріс пен тұтыну кезінде материалдардың тұрақты циклін қамтиды. Жаңа өнімді жасау кезінде компания оны жою немесе

қайта өңдеу, материалдарды қайта пайдалану тәсілдерін алдын ала ойластырады.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тұрақты даму ұғымы 1987 жылы БҰҰ Қоршаған орта және даму жөніндегі халықаралық комиссиясының баяндамасы жарияланған кезден бастап қолданысқа енді. Бұл – қоршаған ортаға зиян келтірместен адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаралар кешені.

Тұрақты даму үш негізгі компонент арасында тепе-теңдік сақталуы керек: экономикалық өсу, әлеуметтік жауапкершілік және экологиялық тепе-теңдік. «Жасыл экономиканың» міндеті – осы аталғандардың басын біріктіру және бір-біріне қайшы келмейтіндей үйлестіру.

Қазақстанда «жасыл экономика» дамыған елдерден артта қалып отыр. Біздің еліміз табиғи ресурстардың экспортына әлі де тәуелді. Дегенмен, су, жел, күн энергиясын өндіруде жақсы көрсеткіштерге жете бастады. Бұл саланы дамытуға еліміздің әлеуеті жеткілікті.

Осы орайда елімізде өткен жылы «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы қабылданды. Жалпы, соңғы жылдары елімізде экология мәселесіне жақсы көңіл бөлініп келеді. Ұлттық жоба «Таза Қазақстан», «Үнемді Қазақстан», «Табиғат», «Экология болашағы» бағыттары бойынша жүзеге асырылмақ.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУҒА ӘРКІМ
ҮЛЕС ҚОСА АЛАДЫ

Қазақстанда да, басқа елдерде де экологиялық бағдарламаларды енгізудің сәттілігі көбінесе қарапайым азаматтарға байланысты. Әрқайсымыз экологиялық жағдайды жақсартуға және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтауға көмектесе аламыз. Бұл айтарлықтай қолайсыздықтар мен қаржылық шығындарға әкелмейді. Мәселен, сіз қоқысты бөлек жинаудан бастай аласыз. Болашақта бұл пайдалы әдет қалдықтарды азайтуға ғана емес, ақшаны үнемдеуге де көмектеседі. Қоғамдық көліктің пайдасына жеке көліктен бас тарту – экологиялық жүктемені азайтудың тағы бір тәсілі. Көлік – ауаның негізгі ластаушысы. Саналы тандау – сапалы тұрмыс кепілі.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ТАРИФ

ҚАЛТАҒА
САЛМАҚ
ТҮСЕ МЕ?

Электр энергиясы әлі де қымбаттайды. Бірақ қанша пайызға екені әзірге белгісіз. Нақты тарифтер келесі айда айтылады.

Айжан
БҰРКІТБАЕВА

1 шілде күні коммуналдық қызметтердің тарифін көтеруге тыйым салатын мораторийдің мерзімі аяқталған еді. Монополистер сол уақытты асыға күткен бе, әйтеуір мемлекеттік органдарға тарифті көтеру туралы өтініш жаудыра бастапты. Орталық коммуникациялар қызметінде брифинг өткізген Энергетика министрлігі монополистердің өтінімі қаралып жатқанын мәлімдеді.

«Біз субъектілердің өтінімін қабылдадық. Олардың қарауы 30 күн. Біздің ойы-



мызша қыркүйекте нақты жауап пен нақты сандар бізде болады. Қазіргі уақытта ұлттық банк белгілеген бойынша инфляция үлесі 8–10 пайыз. Жалпы, қымбаттайды», – деді ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының міндетін атқарушы Тимур Қосымбаев.

Тимур Қосымбаевтың айтуынша, тариф халықтың қалтасына салмақ түсіретіндей бірден қымбаттамайды. Яғни біртіндеп көтеріледі. Әрбір аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да ескеріледі екен. Ал мораторий кезінде коммуналдық қызметті негізсіз көтерген жеке субъектілер тексеріліп, заң бұзушылық анықталса, азаматтардың артық тапқан табысы тәркіленеді.

БРИФИНГ

ПЕДАГОГТАР ДИАЛОГЫ

Биылғы тамыз конференциясының тақырыбы – «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде педагогикалық қызметкерлердің республикалық тамыз конференциясының пленарлық секциялық отырысы өтетіні хабарланды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Айкерім Кудеринова мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, биылғы тамыз конференциясының тақырыбы – «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» болады.

«Конференцияның негізгі мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың арнайы және инклюзивті білім алуының өзекті мәселелерін талқылау, тәжірибе алмасу, арнайы білім беру үшін педагог кадрлар даярлау, білім беру қызметтерінің сапасын қорытындылау мәселелері. Сонымен қатар, бұл педагогикалық қоғаммен диалог болады.

Іс-шараға жаңашыл педагогтар, білім беру ұйымдарының үздік басшылары, сарапшылар мен ата-аналар қоғамының өкілдері қатысады. Спикерлер «дөңгелек үстелдер», шеберлік сыныптары мен презентациялар өткізеді», – деді А.Кудеринова.

Қазіргі уақытта елімізде 457 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейтінін атап өту керек. Оның ішінде облыстар мен қалалар бойынша арнайы мектепке дейінгі ұйымдар – 45, арнайы мектеп ұйымдары – 99, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері – 213, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер – 87, оңалту орталықтары – 13. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептер мен балабақшаларда, жалпы білім беретін ұйымдар жанындағы арнайы топтар мен сыныптарда да жүзеге асырылады.



БРИФИНГ

Коронавирусқа қарсы ревакциналау тиімді және қауіпті індеттің жұғу қаупін бірнеше есе азайтады. Сонымен қатар, аурудың симптомдарын айтарлықтай төмендетеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының штаттан тыс бас эпидемиологі, Орталық қалалық клиникалық аурухана директорының орынбасары Эльвира ИБРАГИМОВА айтты.

БУСТЕРЛІК ЕКПЕ АЛУ МАҢЫЗДЫ

Эпидемиолог-маманның айтуынша, Алматыдағы барлық қолда бар вакциналар қоздырғышқа қарсы иммунитетті қалыптастырып, барлық штамнан қорғануда жоғары деңгейде тиімді нәтиже көрсетеді. Сондай-ақ, ол тұрғындарды ковидке қарсы салынатын үшінші екпені алуға шақырды.


«Вакциналау өткен жылы басталғаны мәлім. Медицина қызметкерлері мен полиция өкілдері ақпан айында егілді. Ал жаппай егу сәуір айында басталды. Бірақ уақыт өте келе күшейту дозасы қажет болды. Өйткені, штамм мутацияға ұшырады. Естеріңізде болса, бұл «дельта» штамы болатын. Ал қазір үшінші вакцина салынууда. Тиімділігі жоғары. Қазір біз осыдан бір жыл бұрын егілгендерге төртінші және бесінші екпелерді ұсынып отырмыз», – деді Алматы қаласының штаттан тыс бас эпидемиологі. Журналистердің сұрағына орай жауап бере отырып, Э.Ибрагимова «кентавр» коронавирусның штамы ел аумағында тіркелмегенін хабарлады. Зертханалар реттілік бойынша жұмысты жалғастыруда, егер жаңа штамдар анықталса, бұл туралы хабарланатын

болады. Қалай болғанда да, вакцина алған адам одан қорғалады.

Сондай-ақ, спикер коронавирус індеті толқын тәрізді сипатқа ие екенін, әлемде эпидемиологиялық ахуал әлі де тұрақталмағандығын атап өтті. Осы жылдың наурыз айынан бастап дерт жұқтырудың төмендеуі басталды. Сәуір және мамыр айларында жеке жағдайлар тіркелді. Бірақ шілде айының басында жұқтырғандар санының өсуі қайтадан басталды.

«Біз осы уақытта стационарға келіп түскен науқастарға мониторинг жүргіздік және олардың 70%-ы вакциналанбағанын анықтадық. Олардың арасында қатар жүретін аурулардың болуына байланысты қорқып, екпе алмаған зейнеткерлер де болды. Бірақ барлық емханалық мекеме, керісінше, созылмалы аурулары бар адамдарды ең алдымен коронавируска қарсы вакцина алуға шақырады», – деді спикер.

Маман пікірінше, әлі де сақтық шараларын сақтау маңызды, мәселен, қоғамдық орындарда бетперде таққан абзал. Бетперде тыныс жолдарын инфекциядан қорғауға қауқарлы.



Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, кеше мегаполисте коронавирус инфекциясын жұқтырудың 79 жағдайы тіркелген, оның 71-і симптомды.

Қазіргі күні инфекциялық стационарларда 500 төсек-орын болса, 68 адам ем қабылдап жатыр. Осы уақытта үйде мобильді бригадалар мен Телемедицина орталығының бақылауында 656 пациент бар.

Сондай-ақ, ведомство 16 тамыздағы жағдай бойынша вакциналанған алматылықтардың саны туралы хабарлады. Өткен тәулікте бірінші компонентпен – 134 адам, екінші компонентпен 238 адам вакциналанды. 738 адам ревакцина салдырған.

Екпе науқанының барлық кезеңінде I компонентпен 1 242 821 адам, II компонентпен 1 209 454 адам вакциналанған. Ревакцина алғандар саны – 617 249. Pfizer (Comirnaty) вакцинасымен 119 101 адам егілген.

Алматыда әлі де 88 екпе пункті жұмыс істейді, онда 300-ден астам медицина қызметкері жұмылдырылған. Эльвира Ибрагимова елімізде вакциналау науқаны әлі де тегін жүріп жатқанын атап өтті.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

«БАЛАМНЫҢ ІШІ ЖИІ ҚАТА БЕРЕДІ...»

– Менің баламның іші жиі қатады. Әлде табиғи емес, ұнтақ сүт ішетіндіктен бе екен? Кеңес-теріңіз керек.

САМАЛ,
ата-ана.



Оқырманымыздың сауалына балалар дәрігері Майра АЙТУАРОВА жауап береді.

– Иә, жаңа туған сәби болсын, мектеп жасындағы бала болсын, кез келген жаста іші қатуы мүмкін. Себебі, іш асқазан-ішек жолдарының дұрыс жұмыс істемеуінен ағзадағы айналым процесі бұзылады. Іш туа бітті тоқшық пен тік ішектің анатомиялық кемшілігінен болуы да мүмкін. Мұны медицинада аганглиоз, тік ішек ахалазиясы деп атайды. Одан да басқа дерттің түрлері бар. Бірақ оны тек дәрігер анықтайды.

Ал егер мұндай кемшілігі жоқ бола тұра, іш қатса, ең алдымен баланың жеген асын дұрыстаған жөн. 6 айға дейі ана сүтімен қоректенген сәбидің іші қата бермейді. Өйткені, бірқалыпты ана сүті баланың бойына енген қырық аурумен күресе алады. Ал ботка, ірімшіктерді кейінірек берсеңіз де болады. Егер қосымша тағаммен тамақтанса, оны өзге түрлерімен алмастыра бермеңіз, яғни тәжірибе жасамаңыз. Өте нәзік, әлсіз асқазан қабылдауға дайын бола бермейді. Осының салдарынан да іші қатуы мүмкін.

Ересектеу балаларда да іштің қатуының себебі – дұрыс тамақтанбау. Олардың ішек жұмыстары қалыпты жұмыс істеуі үшін ас мезірін жиі өзгертіп отырыңыз. Пюре, боткалармен бірге, сұйық тамақтарды көбірек ішкені жақсы. Тәттілерді, ұннан жасалған тағамдарды аса көп бермеген дұрыс. Олар асқазан жұмысын баяулатып, астың қорыту-луын қиындатады. Сосын қазіргі көп баланың уақытының біраз бөлігін компьютер алдында, телефонмен өткізетінін ойласақ, олардың жиі қимыл-қозғалыста болғанын қадағалаған дұрыс.

Жаңа туған сәби күніне неше рет ана сүтін емсе, сонша рет үлкен дәретке отырады. Ал екі-үш айға толғанда бір күнде 2-3 рет қалыпты болып саналады. 1 жасқа толмаған балалар бір тәулік бойы дәретке отырмаса, іш жұмысы бұзылды деуге болады. Мектеп жасындағы балалар үлкен дәретке барған кезде қатты күшеніп, немесе ауырсына-тын болса, ем-дом жасау қажеттігінің белгісі. 6-7 жастан бастап дені сау балалар күніне кем дегенде бір рет үлкен дәретке отырады.

Ауырмаңыздар!

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТЕМЕКІ ТҮТІНІНЕ ТҰНШЫҚПАЙЫҚ...

Жасыратыны жоқ, қазір кейбір қарақөз қыз-келіншектер шылымын көптен қымсынбай-ақ тартатын болған. Өкінішті! Ресми дерек бойынша, Қазақстан халқының 30 пайызы темекі тартады. Олардың 1 миллионы – әйел қауымы.

Кісі аяғы көп жүретін базар маңы. Адам ығы-жығы. Әсіресе, мектепке баласын дайыдап жүрген ата-аналар көп. Әріректе екі баласына сұға бұқтырылған жүгері әперіп қойып, өзі темекісін будақтатып тұрған қазақ келіншекті көріп, қынжылғаным-ай! Өткенде салалы саусақтарымен шылым шегіп тұрған жүкті әйелді көріп, тіпті таңданғаным бар-ды. Екікабат кезінде мүлдем темекі шегуге болмайтынына қандай білім, ақыл керек-ті!

Темекіге жақын әйелден дені дұрыс бала тумайтыны айдан анық қой. Себебі, іштегі балаға оттегімен қоса түтін баратындықтан нәресте ақыл-ес кемістігіне ұшырауы мүмкін. Темекі құрамындағы аса зиянды полюсний элементі (Po210) әйелдің құрсағындағы жұмыртқа жасушаларына жиналып, токсиндік улы зат ретінде мутацияға ұшырайды екен. Баланың кемтар болып тууына басты себеп осы көрінеді.

Шылымқор әйелдердің балалары әлсіз, бойы қалыптан 2 сантиметрге аз, бас сүйегінің көлемі, салмағы кем болып туылады. Жиі ауырып қала беретін болады. Іштегі баланың ағзасынан улы заттардың бөлініп шығуы өте баяу өтеді. Сондықтан да оның қанындағы улы заттардың концентрациясы анасына қарағанда 1,5-2 есе артық



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

болады. Демек, жүкті әйелдің темекісі өзінен гөрі ішіндегі шаранасына анағұрлым қатерлі.

Қазір темекі қораптарының сыртына «темекі тартсаң, қолқаң, өкпең осындай күлге толады, тісіңнен тіс қалмайды, обыр дертіне шалдығасың» деп те бақырайтып көрсетіп қойса да, қорықпайтын, сескенбейтін болғанбыз. Тіпті, ертемен төсектен тұра салып, көзін ашар-ашпастан темекіге ұмтылатындар, қарны аш болса да тамақ орнына шегетіндер көп. Сонда осыншалықты құмарлық тудыратындай не құдірет бар онда?

Оның ішінде нерв жүйесіне, ас қорыту, тыныс алу, жүрек-қан тамырлар жүйесіне әсер ететін никотин дейтін у бар. Никотин суда тез ериді, сондықтан ол ауыздың, мұрынның, кеңірдек тарамдарының кілегейлі қабықшасына оңай сіңеді. Сонан соң сілекеймен бірге асқазанға, ішек қарын жолына өтеді.

Темекі шегудің алғашқы кезеңінде никотин бір-екі минуттан кейін миға жетіп, оған жағымды әсер етіп, уақытша белсенділігін оятады. Адам

эйфорияға беріліп, күш қосылғанын байқайды. Бірақ бұл қысқа мерзімді әсер ғана. Сондықтан адам темекіні үсті-үстіне шегуге мәжбүр. Бірте-бірте ол ағзаның үйреншікті стимуляторы болып, адам өз әдетінің құлына айналады.

Статистикалық мәліметке жүгінсек, елімізде темекінің салдарынан жабысқан дерттің кесірінен жылына 25 мың адам дүниеден өтетін көрінеді. Иә, Дүниежүзілік денсаулық ұйымы темекі шегу салдарынан әлемде қатерлі ісік дерті қарқын алғанын айтып келе жатқанына да біраз жылдың жүзі болған. Адам ағзасында темекінің зиянды әсерінен зардап шекпейтін мүше жоқ десе де болады. Әсіресе, темекі шегетін жасөспірімдердің жүйке жүйесі әлсіз болады, олар ашушаң болып келеді. Олардың есте сақтау қабілеті мен зейін қойып тыңдауы 5–7 пайызға төмендейтін ғылыми түрде дәлелденген. Демек, оларға оқу да қиындай бастайды.

Шылым шегетін адам күніне орта есеппен 200 рет, айына 6 мың

КЕРЕК ДЕРЕК

ТЕМЕКІ

- Адамның тәбетін қашырып, ас қорытуды нашарлатады.
- Асқазанда жара, ерін, тіл және өңешке қатерлі ісік ауруын тудырады.
- Дененің инсулин бөліп шығару қабілетін азайтып, диабет кеселіне ұрындырады.
- Ми қызметінің қалыпты ырғағын бұзады.
- Көздің көруі нашарлайды, тістен ерте айырыласыз.
- Операциядан кейінгі жара жазыла қоймайды.
- Бет-жүзге әжім ерте түседі.



рет, жылына 72 мың рет ащы түтін жұтатын көрінеді. Ал шекпейтін адам одан да зор зардап шегетінін де ғылым дәлелдеген. ДДҰ қазір темекі тартуды жұппалы эпидемия ретінде қарастыруда. Темекі шегу салдарынан әлемде 8 млн адам қаза табады, соның ішінде 7 млн-ы темекі шегетін немесе бұрын тастап кеткендер.

Байқасаңыз, қазір электронды темекі деген пайда болған. Ішінде сұйықтығы, арнайы ауыстыратын картриджі бар. Осыған көбіне қыз-келіншектер, жастар құмар. Жастар жағы есейудің көрінісі, сән ретінде пайдаланады. Кейбірі электронды темекіні жай темекіден арылу мақ-

сатында қолданады. Бірақ бұл да зиян. Оның да құрамында никотин бар. Ал никотин адамды шылымға үйір қылады. Электронды темекі адам өкпесін ірітіп жібереді дейді мамандар. Бұған дәлел ретінде, Қырым федералды университетінің ғалымдары электронды темекіден немесе вейптардан шығатын бу өкпе тінін бұзатынын айтқан. Тіпті, никотин қосылмаған құрылғының өзі де адам ағзасына аса зиян деседі. Мәселен, егеуқұйрыққа жүргізілген зерттеу нәтижесінде сұйықтығы құйылған жануардың өкпесі 40 күннен кейін ірі бастаған. Қалай десек те, екеуінің де пайдасы көрініп тұрған жоқ.

P.S.

Темекі адамды материалдық шығынға да ұшыратады. Бір күнде екі қорапты бір-ақ шегіп тастайтындар да бар. Олар соған кеткен қыруар ақшасына кейін денсаулығын сатып ала алмайтыны өкінішті...

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

МИНИСТР

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ ҰЛЫНА МЕКТЕП ФОРМАСЫН ҚАНШАҒА САТЫП АЛДЫ?

Асхат
Аймағамбетов
ұлының мектеп
формасын
қайдан және
қанша теңгеге
алғанын айтты.



«Осы демалыста баламды ертіп дүкенге бардым. Бірнеше ақ жейде, шалбар, костюм, галстук алдық. Бағасына келсек, 35 мыңға жуық ақша кетті. Қайдан десеңіздер, «Гласман» атты дүкенге барып, жұртпен бірге кезекке тұрып, 36-өлшемді киім алып қайттық. Барлық отбасылар секілді біз де мектепке дайындықты бастадық», – деп жауап берді министр Үкімет кулауында тілшілердің сұрағына.

Сонымен бірге, министр әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға мектеп жарағын алуға көмек көрсетілетінін еске салды.

«Биыл өте маңызды екі шешім қабылдадық. Бұл мәселені ата-аналар үш жыл бойы көтерген еді.

Біріншіден, оқушыларға шақ емес, жеңі салбырап тұратын мектеп формалары таратылатын. Бұл мәселені шешу үшін формаға қажетті қаражатты ата-ананың жеке шотына аударуды ұйғардық. Бұл жұмыстар жүргізіліп жатыр. Екіншіден, мысалы, Солтүстік Қазақстанда былтыр бір оқушыға 17 мың теңге ғана бөлінетін. Кей өңірлерде 20 мың, кей өңірлерде 25 мың теңге беріліп келген. Енді биыл қаражаттың ең төменгі деңгейін 37 мыңға дейін көтердік. Кей өңірлерде, мысалы, Алматы қаласында 43 мың теңгеге дейін көбейтілді. Біз мұны қолдаймыз. Бұл шешімдер 475 мың баланың мәселесін шешуге көмектеседі», – деді Асхат Аймағамбетов.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС НЕГЕ ҚЫСҚАРДЫ?

ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында келесі оқу жылында оқушылардың жазғы демалысы неге қысқаратынын түсіндірді.

«Жаңа оқу жылында елімізде 3,6 млн баланы қамтитын 7637 мектеп жұмыс істейді. Келесі оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 36 аптаға созылып, 31 мамырда аяқталады. Жаздың бірінші күнінен бастап оқушылар дәстүрлі демалыстарына шығады. Сәйкесінше, жаз айлары толығымен балалардың демалыс уақыты бола береді», – деді Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында.

Министрдің сөзіне сүйенсек,

елімізде оқушылардың жазғы демалысы өзге елдермен салыстырғанда айтарлықтай ұзақ.

«Жазғы демалыстың ұзақтығы білім саласындағы көшбасшы елдермен салыстырғанда, ең ұзақ – 92 күн. Жалпы, бір оқу жылында балаларға 4 рет демалыс қарастырдық. Оған қоса, демалыс және мереке күндерін есептегенде балалар жыл бойы барлығы 192 күн демалып, тек 173 күн мектепке барады», – деді министр.

3,6 МЛН БАЛА ҮШІН ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ АЗАЙДЫ

Келесі оқу жылында 1,5 млн бала 5 күндік оқу жүйесіне, 300 мың бала бірінші ауысымға көшеді.



«Бір жағынан оқушылардың оқу жүктемесін азайтып, екінші жағынан оқу жылының аяқталуын 31 мамырға бекіттік. Бұл мәселе бірнеше кешенді проблеманы шешеді. Біріншіден, бүгінгі таңда бізде 5 күндік оқу, 1,5 млн бала осындай форматқа көшеді. Яғни енді осы 1,5 млн бала үшін қосымша 36 демалыс күні пайда болады. Бұл 36 күнді балалар өз ата-аналарының жанында өткізуге, әлде секцияларға, демалыс саябақтарына баруға жұмсауға мүмкіндік алып отыр», – деді Асхат Аймағамбетов.

Ведомство басшысы биыл 100-ден астам мектептің үш ауысымға өту қаупі болғанын атап өтті. «Осы қабылданған шешімнің арқасында аталған 100 мектеп екі ауысымда оқуын жалғастырады. Үшіншіден, бізде бүгінгі таңда 1,5 миллионнан астам бала түстен кейін оқиды. Осы қабылданған шешім әсерінен оқу жүк-

темесінің азаюына байланысты кабинеттер босатылып, екінші ауысымда оқып жатқан 300 мыңнан астам бала енді бірінші ауысымға көшеді. Бұл да ата-аналар үшін өте маңызды. Жалпы, 3,6 млн бала үшін оқу жүктемесі азайды. Бірақ осы қабылданған шешімдер білім сапасына әсер етпейді. Қорыта келгенде, айналдырған 25 мамырдан 31 мамырға дейін өзгеріс енгізуімізге байланысты 1,5 миллионға жуық бала үшін 36 жаңа демалыс күні пайда болады. 150 мыңға жуық педагогімізде 36 демалыс күні пайда болады. 100-ге жуық мектептегі 300 мыңға жуық бала үшінші ауысымнан екінші ауысымға өтеді. Бұл – жан-жақтан қарастырылып, сараптамадан өткен шешім», – деді министр.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ–2022»

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

қарсаңында Алматыда ұйымдастырылатын акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдау

(Басы 1-бетте)

Метрополисте «Мектепке жол–2022» республикалық жыл сайынғы акциясы жүріп жатыр. Алматыда биыл «Жаппай оқыту» қорынан берілетін көмек сомасы мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін бір балаға 43 мың теңгені құрайды.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Жаппай оқыту» қоры жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Биыл материалдық көмек алу құқығына мына отбасылардың 20 мыңға жуық оқушы ие, олар:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатындар;

2) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік АӘК алмайтындар;

3) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті талап ететін жағдайларда;

5) білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары.

Алғашқы екі жағдайда ата-ана немесе заңды өкіл eGov немесе Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы өтініш беруі қажет. Басқа жағдайларда – білім беру ұйымына растайтын құжаттарды ұсыну керек. Тізімдер оқу жылында бір-ақ рет жасалады.

Бүгінде демеушілер мектеп формасының 4,5 мыңнан астам жиынтығын және мектеп керек-жарақтары бар мыңдаған рюкзак сатып алды. Қазіргі кезде аудандық білім бөлімдерінде көмекке мұқтаж адамдардың тізімі жасалуда. «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» акциясы аясында мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын алу

ШАРА

«ТҰЛҒА БОЛАМЫН»

кітап оқу сайысы талай баланы шабыттандырды

ҚР Ұлттық кітапханасының Үлкен залында «Тұлға боламын» атты Республикалық кітап оқу сайысының қорытындысы өтті.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Аталмыш іс-шараны «Шұғыла» қоры мен «Дария» дамыту орталығы ұйымдастырған. Осымен 3-ші рет ұйымдастырылып отырған шараға 120 мыңнан астам адам қатысқан. Сайыста мектеп оқушыларының арасындағы ақпараттық қолдауды Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы жүзеге асырды. Сайысқа 4 оқушылар және 1 ересектер тобы бақ сынасқан.

«Жалпы, қай кезеңде болмасын қазақ қоғамы ағартушылыққа көңіл бөлген. Мектеп жоқ кезеңдерде мектептер салынып, ауыл балаларын мектепке оқытқан. Әр заманның байлар институты болған. Қазіргі таңда оларды демеушілер деп айтамыз. Мемлекеттен ешқандай қаржы алмай-ақ, 120 мың бала қатысатын шара ұйымдастыратын. Бұл жобадан білім де алып, жеңіске де жете аласыздар. Мәшһүр Жүсіптің мынандай бір сөзі бар: «Құдайдың жақсылығы басында тұр» дейді. Расымен-ақ, миымызды дұрыс жұмыс істетудің арқасында қаншама жетістіктерге



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

үшін оқитын жері бойынша білім беру ұйымына өтініш беру қажет.

Қайырымдылық іс-шарасы №180 орта мектепте өз жалғасын тапты. Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылатын акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін, көпбалалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына материалдық және өзге де көмек көрсету.

«Бүгін біздің мектепте жақсы бір іс-шара болып жатыр. «Мектепке жол» акциясы аясында көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсетіп отырмыз. 60-қа жуық балаға мектеп формалары таратылды. Осы орайда, бізге қолдау көрсеткен жергілікті кәсіпкерлерге, сауда орталықтарына алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта да осындай қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылады деп жоспарлап отыр», – дейді №180 жалпы білім беретін мектеп директоры Ләззат Дәулетбек.

Сондай-ақ, ол өз сөзінде көмекке мұқтаж жандар акциясы аясында мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын алу үшін оқитын жері бо-

– Алатау ауданы бойынша:	8 700 613 11 98.
– Алматы ауданы бойынша:	8 747 044 85 53.
– Әуезов ауданы бойынша:	8 702 539 53 97.
– Бостандық ауданы бойынша:	8 777 280 66 50.
– Жетісу ауданы бойынша:	8 747 294 05 54.
– Медеу ауданы бойынша:	8 775 919 40 00.
– Наурызбай ауданы бойынша:	8 708 935 94 98.
– Түркісіб ауданы бойынша:	8 747 901 38 14.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

жетуге болады. Кітап оқып өскен ұрпақтарымыз еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосады деп сеніммен айта аламын. Бұл жобаның болашағы зор болады деген сенімдемін. Тек қазақ даласын қамтып қана қоймай, барша түркі елдерін қамтиды деген сенімдемін», – дейді Алматы қаласының Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Әр топтың кітаптары да, жүлделері де бөлек болды. Сайысқа қатысушылар қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті классиктерінің кітаптарын оқудан жарысты. Олардың әрқайсысы 3 кезеңде 3 кітапты оқып бітіріп, әр кезеңнің соңында кітап бойынша онлайн тест тапсырған.

«Сайыстың басты мақсаты – жастардың кітап оқуға құштарлығын ояту, оқушылар арасында кітап оқу дағдысын қалыптастыру, әрі жандандыру. Сол арқылы төл құн-

йынша білім беру ұйымына өтініш беруге болатындығын атап өтті.

«Мектептің ұйымдастырып отырған игі іс-шарасы қарапайым халыққа көмек болды. Өздеріңіз білесіздер, базардағы баға қымбат, өзім көпбалалы анамын. 3 балам мектепке барады. Үйімізде әкеміз ғана қаржы табады. Осы акцияның арқасында баламызды киіндірдік. Әрине, бәріне бірдей киім өлшемдері келе қоймады. Сөмкесін, дәптер, қағаздарын ғана ала алдық. Осындай көмек көрсетіп отырған мектеп ұжымына алғысымды білдіремін», – дейді Айгүл Есімхан есімді тұрғын.

Оқушыларға есеп және жазба дәптерлері, сурет салуға арналған сызба альбомы мен түрлі-түсті кима қағаздары, жазу-сызуға арналған құралдар мен желім және өзге де заттар салынған мектеп сөмкелері табысталды. «Мектепке жол–2022» республикалық акциясы 30 қыркүйекте аяқталады.

Демеушілер, меценаттар және балаларға көмек көрсетуге ниет білдірген қаланың барлық тұрғыны аудандық білім бөлімдеріне сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін келесі нөмірлер бойынша хабарласа алады:

дылықтарымызды жастарға насихаттау. Өткен маусымның бас жүлдегеріне Нұр-Сұлтан қаласынан 1 бөлмелі пәтер берілді. Сондай-ақ Ыстамбұлға саяхат, MacBook, iPad, Apple Watch және басқа да бағалы сыйлықтар таратылды. Бұл сайыс қазақ әдебиетін қолдап, оның оқырмандарын көбейту мақсатында ұйымдастырылды. Кітап оқыған әрбір азамат болашақта тұлға болады деп сеніммен айта аламыз», – дейді «Шұғыла» қоғамдық қорының президенті Сәрсенбек Иманбаев.

Сайысқа қатысу тегін болды. 3 кезеңнен тұратын сайыстың бірінші маусымына 50 мың, екінші және үшінші маусымдарына 120 мыңнан астам сайыскер тіркелген. 3 маусымда оза шапқандары Айдаң Қайырбекова, Айша Кәдірхан, Шынарбек Ерсұлтан, Болат Нұрзада есімді оқушылар жеңімпаз атанып бағалы сыйлықтарға ие болды.



БРИФИНГ

Жыл басынан бері мегаполисте 1560 интернет-алаяқтық фактісі тіркелді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қалалық полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы Қуатбек Науатов осындай статистикалық мәліметтерді келтірді.

Полиция ведомствосында 5 жыл ішінде мұндай қылмыстарды саралап, 2017 жылы қалада 90 интернет-алаяқтық тіркелсе, 2018 жылы – 142, 2019 жылы – 666, 2020 жылы – 1677, 2021 жылы олардың саны 3398-ге артып, мұндай қылмыс түрлерінің ашылуы 4,3 есе өсті.

Ғаламтордағы қылмыстар санының азаюына тәртіп сақшылары жүргізетін профилактикалық жұмыс әсер етті. Ведомствоның жедел қызметкерлері мен баспасөз қызметі хабарламаларды таратады, алаяқтардың қылмыстық сызбалары туралы баяндайтын бейнероликтер дайындайды. Сонымен қатар, ақпарат орталық көшелер мен кинотеатрлардың электронды билбордтарында орналастырылған.

Алматы қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов азаматтарды қырағы болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырды. Мысалы, бейтаныс адамдардың өтініші бойынша Anydesk және Teamviewer сынды қашықтан кіру бағдарламаларын орнатпау. Бұл бағдарламалар алаяқтарға телефон кітапшасына, мобильді банктерге және гаджеттің жадында сақталған басқа жеке мәліметтерге толық қол жеткізуге мүмкіндік береді.



«Алдаудың танымал тәсілдерінің бірі – өздерін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстыратын қаскүнемдердің қоңыраулары. Жәбірленушілермен әңгіме барысында олар өздерінің шоттарынан күдікті транзакциялар жасалып, қателескенін айтады. Жәбірленушілерден ақша қаражатын үнемдеу мақсатында ұялы телефонына Anydesk немесе Teamviewer қосымшаларын жүктеуді сұрайды. Алайда, кейіннен бұл бағдарламалар олардың иелерінің смартфонна және сәйкесінше мобильді банкінг қосымшасына толық қол

жеткізуге мүмкіндік береді. Қол жеткізгеннен кейін алаяқтар жалған шоттарға заңсыз транзакциялар жүргізеді», – деп жедел қызметкер алаяқтардың жиі әрекет ететін схемасын сипаттады.

Осы схема бойынша соттарға 461 қылмыстық іс жіберілді

Қуатбек Науатов дереу полицияға хабарласуды, сонымен бірге барлық хат-хабарды сақтауды, экранның скриншотын түсіруді (кейбір мессенджерлерде қылмыскерлер барлық диалогты өздері жоя алады), егер сіз банкоматты немесе ақша салу терминалын қолдансаңыз, түбіртектерді сақтауды ескертеді.

Басқарма басшысының айтуынша, интернеттегі алаяқтықты ашу және тергеу қиындық тудырады. Өйткені, ол трансшекаралық сипатқа ие. Жәбірленуші бір аймақта, ал қылмыскер басқа аймақта.

«Әртүрлі банктік шоттар, пластикалық карталар, үшінші тұлғаларға рәсімделген абоненттік нөмірлер пайдаланылады, қолма-қол ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру жалған тұлғалар арқылы жүргізіледі. Olx.kz, Kolesa.kz, Krisha.kz, Market.kz, Instagram.com және V Kontakte.com әлеуметтік желілері – қаладағы интернет-алаяқтық ең зақымдалған платформалары», – деп айтты ОҚК спикері.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Сан соғып қалмаңыз!

Алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды



Халықты алдап, әбден әккіленіп алған алаяқтар енді мүлдем басқа тәсілге көшкен. Телефонға енгізілетін арнайы бағдарлама арқылы біреудің атынан несие рәсімдеп, сан соқтырып кетеді. Оларға алданбау үшін нені білу маңызды?

Қазіргідей демалыс маусымында алаяқтар «жемтігін іздеген аш қасқырдай» аңқау, тез алданғыш адамдарды қалт жібермейді. Сарапшылардың пікірінше, жаз мезгілінде қым-қуыт тірліктен босап, жылдық еңбек ақысын алғандар, яғни ақшасы бар азаматтар арбауға оңай түседі.

Мәселен, жақында ғана телефонға жүктелетін арнайы мобильді қосымша арқылы алаяққа 9 миллион теңге аударып, опық жеген тұрғынның жағдайымен әлеуметтік желі арқылы таныс шығарсыз-

дар?! Оңай олжаға кенелу үшін техника тілін меңгеріп, арнайы сауатын ашатындар да бар. Өйтпесе, тәжірибелі маманның өзін ойлаңдаратын әрекеттер кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Алаяқтықпен айналысқысы келетіндер үшін барлық құрал қолжетімді. Машықтанғандары жылы сөйлейді. Түрлі ақпарат арқылы әбден сенімге кіреді. Төлем жасаудың түрлі жолдарын ұсынады. Өзі сұраған ақпаратты айтудан бас тартсаңыз, олар қорқытып, балағат сөз айтуға да даяр.

Алматылық Аяулым есімді қызға алаяқтар соңғы уақытта өте жиі хабарласатын болған. «Алдымен телефон нөміріме белгісіз біреуден СМС-хабарлама келеді. Оны оқығаннан кейін лезде қоңырау шалады. Өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, жаңағы келген хабарламадағы құпия сөзді айтуымды өтінеді. Содан кейін мобильді қосымшаны телефонға енгізіп, бағдарламаға өзі тағы да жіберген құпия сөз арқылы кіруімді сұрайды. Бірден күдіктеніп, құпия сөзді айтудан бас тарттым. Телефонды қоя салдым», – дейді Аяулым.

Иә, алаяқтық амалдар жыл өтіп, технология дамыған сайын түрленіп келеді. Дегенмен, сауаты бар адамға алаяқты анықтау қиынға соқпайды. Кез келген алаяқтың түрінде төлем, алдын ала төлем деген нәрсе жүреді. Қандай жағдай болса да бейтаныс адамға ақша аудармаған абзал.

Банк қызметкерлерінің айтуынша, төлем картасының құпия сөзін ешкімге айтуға болмайды. Тіпті, банк қызметкерлеріне де. Төлем картасының 16 саны, жарамдылық мерзімі және картаның артқы бетіндегі 3 құпия сөз карта иесінің өзге ешкім білмеуге тиіс құпия ақпарат болып саналады. Осы тәсілге ұқсас алаяқтықтың заманауи түрі шыққан. Ғылым тілінде дипфейк деп аталады. Оның көмегімен алаяқтар банктік шотқа қол жеткізіп, қаражатты қолма-қол ақшаға аударып алады. Жалған несие рәсімдеу үшін өмірде жоқ адамды қолдан «жасай» салады. Қайтыс болған адамның деректерін ұрлап, банктік онлайн-қызметтерге қол жеткізу үшін оны «тірі» етіп көрсетеді. Өмірде жоқ адамды синтездеп, оны ірі қаржылық транзакциялар мен кредиттік алаяқтықтың күрделі схемаларын жасау үшін пайдалана алады.

керек» деп жиі айтып жатамыз. Бірақ олардың адамды сеніміне кіргені сонша, ең сақ деген адамның өзі алданып қалып жатады.

Қаржыгер Перизат Бауыржанқызының айтуынша, қоғамда «қаржылық білімді тек экономистер мен қаржыгерлер ғана оқу керек» деген түсінік қалыптасып кеткен. Сол себепті, көпшілігімізде қаржылық қиыншылықтар кездесіп жатады. Ғаламтор арқылы жарнама беріп, ақшасын аудартып, соңында не ақша, не тапсырыс берген затыңызды ала алмай жатқан жағдайлар күн өте келе көбейіп келеді. Олар алдымен белгілі бір затты жарнамалап, хабарласқан тұтынушының сеніміне әбден кіріп алып, ақшасын өзінің шотына аудартады. Артынан тіркелмеген телефон номерді мүлдем өшіріп тастап, адамды сан соқтырып кетеді. Сондықтан әлеуметтік желіде көп отыратындар аса сақ болған жөн. Елімізде көп кездесетін алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен байланысты алаяқтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон арқылы алаяқтар, СМС-алаяқтар, интернет-банкінг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ



Қоғамдық негізде жұмыс істейді

Өңірлерде Бала құқығы жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілуде

Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, енді әр аймақтың өз өкілі болады. Олардан балалар да, ата-аналар да көмек сұрай алады.

«Үкіметтің қаулысына сәйкес, қазір бұл лауазым барлық облыс пен республикалық маңызы бар қалада енгізіліп жатыр. Балалардың құқығын қорғау жөніндегі облыстық уәкілдерді облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері тағайындайды. Бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкілдерді іріктеудің негізгі критерийлері – үміткердің балалармен жұмыс істеу тәжірибесі, үкіметтік емес ұйымдардағы тәжірибесі немесе қоғамдық қызметі, сонымен қатар тағайындау кезінде балалардың құқығын қорғауда үміткердің қандай үлес қосқаны ескеріледі. Бұл балалардың құқығын қорғау саласында тәжірибесі және өз ұстанымы бар ел құрметтейтін адамдар болуға тиіс», – деді Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Элина Паули.

Қазірдің өзінде 7 облыста бала құқығы жөніндегі уәкілдер тағайындалып үлгерді. Олардың арасында үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері мен заңгерлер бар.

Бала құқығы жөніндегі уәкілдер баланың құқығы мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерді, жергілікті қарушы органдардың және өзге де ұйымдардың әрекеттеріне немесе бейәрекетіне қатысты шағымдарды қарайды. Сонымен бірге, олар балаларды қорғау саласындағы мәселелерді шешуге арналған заң жобасын дамытуға, ілгерілетуге қатысады.

Сондай-ақ, бала құқығы жөніндегі омбудсмендердің мемлекеттік органдар мен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарына кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіледі. Министрлік бала құқығы жөніндегі уәкілдер қоғамдық негізде жұмыс істейтінін хабарлады.



ЛОНДОН-2012

ЧЕМПИОНДАР БҮГІНДЕ ҚАЙДА ЖҮР?

Қазақстан үшін өте нәтижелі болған «Лондон-2012» жазғы олимпиадасына биыл 10 жыл толды. Осы орайда, Көк Туымызды желбіретіп, Қазақстанға алтын әкелген чемпиондарымыздың дүниежүзілік бәсекеден кейінгі мансабына шолу жасап өтейік.



Досбол
АТАЖАН

2012 жыл. Ұйқыдан тұрған соң, беті-қолды жумай тұрып бірінші істейтін жұмысым теледидар қосып, Олимпиада жаңалықтарын білу. Сондағы ойым – «Ұйқыда жатқанда біздікілердің тағы бір жеңісін өткізіп алмадым ба?!» деген уайым. Себебі, ол күндері Лондонда өнер көрсетіп жатқан Қазақстан спортшыларынан күнделікті сүйінші хабар келетін. Теледидарға телмірген үйдегі біздерге, әсіресе, жарыстың алғашқы күні-ақ алтын алуымыз қатты әсер етті. Вело-жарыстағы Александр Винокуровтың жеңісінен кейін олимпиадаға деген ынта артып, жүректе патриоттық сезімнің оты лаулай түсті. Одан кейінгі күндері Ольга Рыпакова Англияның басты стадионын айнала еліміздің Туын көкке көтерді. Талай жекпе-жектең жеңіп шыққан боксшыларымыз бен балуандарымызда құрама қоржынын жұлдемен толтырып жатты. Допинг дауына байланысты бұл жүлделер есепке алынбаса да, дәл сол кездері зілтеміршілеріміздің жеңістеріне де шексіз қуанумен болдық. Ал олимпиаданың соңғы күні Қазақстан жанкүйерлері үшін тіпті ерекше болды. Себебі, дәл осы күні нағыз ерік-жігер мен қанша жылдық еңбектің арқасында олимпиада алтынын алған Серік Сәпиевтің құрметіне Лондонның төрінде Қазақстан Туы көтеріліп, Әнұранымыз ойнады. Бұл сәттен биыл 10 жыл өтті. Әлем алдында жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілген чемпиондарымыздың айтулы жеңістен кейін өмір жолдары қалай өзгергені жайлы сыр шертейік.

Велоспорттан алыстаған жоқ

1973 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданының Бескөл кентінде дүниеге келген Александр Винокуров бала кезден велосипед тебумен әуестенеді. Мектептен соң спорт саласынан алыстамай Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Дене шынықтыру факультетін бітіреді. 1996 жылдан бастап велоспорттан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі ретінде өнер көрсетті.

Александр өзі үшін шешуі жарысқа айналған Лондон олимпиадасына дейін велоспорттағы ең бастысы бәсекелердің бірнеше дүркін жеңімпазы әрі жүлдегері болып жүрді. Атақты велошабандоздың мансабындағы маңызды марапаттардың қатарында – 2000 жылы Сиднейде өткен Олимпиаданың топтық жарыстағы күміс жүлдесі, 2004 және 2006 жылдардағы әлем чемпионаттарының қола медалі, 2009 жылғы Азия чемпионатының алтыны және т.б. бар.

Винокуров Лондон олимпиадасына 38 жасында аттанды. Ол әлі де ұлттық құраманың үздік шабандозы болса, мансабының соңына қарай қазақстандық велоспортшының олимпиадада тағы бір топ жарарына күмән көп еді. Дегенмен, Сиднейде бір қадам жетпей қалған жүлде Александрға 12 жылдан кейін дәл осы Лондонда бұйырыпты. 250 км қашықтықты 5 сағат 45 минут 57 секундта бағындырған ол чемпион атанды. Осынау айтулы сәтте атақты велошабандоз ішкі эмоциясын жасыра алмай, спорттық мансабын аяқтайтынын жариялайды: «Менің мансабымның әдемі нүктесі болды. Осындай тамаша сәтте мен өзімнің спорттық мансабымды аяқтаймын. Қанша қолжетімсіз көрінсе де, барлық арман орындалады. Мен осы жеңіс үшін өмір бойы еңбек еттім», – деп ағынан жарылған.

Велошабандоз ретінде барлық мақсатына жеткен



Александр 2013 жылдан бастап «Astana ProTeam» велокомандасының бас менеджері қызметін атқарады. Ол бұл қызметте жүріп отандық велоспорттың дамуына көмектесіп қана қоймай, Қазақстанда «Vino Forever» құрлықтық жастар командасын құруға атсалысты. Сондай-ақ, ол бүгінгі күні ҚР велоспорт федерациясының вице-президенті болып тағайындалған. Олимпиада чемпионы 2014 жылдан бастап VINO брендімен Қазақстанда әртүрлі велосипедтер шығарумен айналысады. Александр Винокуровтың Ирина есімді қызы және Николас пен Александр атты егіз ұлдары бар. Егіздер әкелерінің артынан еріп, велоспортпен кәсіби түрде айналысуда. Олар 2019 жылы Қазақстанның атынан әлем чемпионатында жасөспірімдер құрамасы сапында өнер көрсетті.


Бәсеке оты өшпеген

Ольга Рыпакова 1984 жылы 30 қараша күні Өскемен өңірінде дүниеге келген. Дүние жүзін мойындатқан әлемдік атлеттің ата-анасы да кәсіби спортшылар болған. Сондықтан ол бала кезінен спортқа жақын болып өседі. 2001 жылы Шығыс Қазақстан облыстық спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын бітіреді. Ары қарай әкесі Сергей Алексеевтің басшылығымен жаттығады.

Ольга спорттық мансабының басынан-ақ ірі жеңістермен көзге түседі. Ол 2007 жылы Бангкокта (Тайланд) өткен Универсиаданың үш қарғып секіруден чемпионы атанады. Ал бір жылдан кейін Бейжіңдегі жазғы олимпиадада дәл осы сайыстан төртінші болады. Дегенмен, 2017 жылы Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік грек спортшысы Хрисопи Девечи мен ресейлік Татьяна Лебедева нәтижелерін жоққа шығарып, Рыпаковаға «Бейжің-2008» бәсекесінің күміс жүлдесін табыстайды. Сондай-ақ, спортшы ару ұзындыққа секіруден 2010 жылғы әлем чемпионы атанады. Ол осы жылы өз мансабындағы ең үздік нәтижені көрсетіп, үш қарғып секіруден – 15,25 метр нәтиже көрсетеді. Бұл – ашық ауада үш қарғып секіруден Азияның рекорды.

Ольга 2012 жылы Лондонға нағыз жүлдеге үміткер ретінде барады. Екі жыл бұрын ғана әлем чемпионы атанған 27 жастағы спортшы енді олимпиада шыңын бағындырғысы келеді. Рыпакованың фаворит екені алдын ала секіру кезінде-ақ байқалады, ол үш қарғып секіруден 14,79 метр нәтижемен үздік болады. Жарыстың шешу кезеңінде Ольга өзінің алдыңғы нәтижесін басып озып, 14,98 метрге секіреді. Соның арқасында қазақстандық атлет олимпиаданың көптен күткен алтын жүлдесіне қол жеткізеді.

Олимпиададан соң Рыпакованың өмірінде тағы да бір айтулы оқиға орын алады. 2013 жылы екінші баласы Кирилл дүниеге келеді. Ал 2014 жылы Өскеменде Ольга Рыпакованың есімімен аталған екінші санатты халықаралық сертификаты бар жеңіл атлетика орталығы ашылады. Спорттағы ең биік шыңды бағындырған көптеген спортшылар өз мансаптарын аяқтап жатса, Ольга өзге жолды тандады. Ол ұлы мен қызы өскен соң жеңіл атлетикаға қайтып оралады. Сөйтіп, 2016 жылы Рио-де-Жанейродағы үшінші олимпиадасына қатысып, үш қарғып секіруден бұл жолы қола жүлдеге ие болады. Осы жылы Рыпакова Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. Спортшы бұл қызметін тек 2021 жылы Токиодағы жазғы Олимпиада ойындарына дайындалу үшін тоқтатады. Ольга 2021 жылы Токиода жүлде жеңбесе де, ту ұстаушы ретінде әлемдік көрермендердің ықыласына бөленеді. Бұл жарыстан кейін атақты атлет өзінің олимпиададағы мансабын аяқтайтынын хабарлады. Алайда, олимпиаданың барлық жүлдесін жинай алған спортшы бұл жетістіктермен тоқтап қалмай, бұдан өзге жарыстарда өнер көрсетуін жалғастыра бермек.



Спорттық мансабы
жауапты қызметке ауысты

Қазақстан боксының тарихында аты алтын әріптермен жазылатын Серік Сәпиев 1983 жылы 16 қараша күні Қарағанды облысының Абай қаласында дүниеге келген. Болашақ олимпиада чемпионы 11 жасында бокспен айналыса бастайды. Бірнеше жылдан кейін Қарағанды қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы спорт колледжіне (қазіргі спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат) оқуға түседі. Үш жыл колледжде оқып, оны бітіргеннен кейін Абай қаласына оралып, жаттығуын жалғастырады. Сондай-ақ, ол Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін (ҚарМУ), Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін (ҚарMTU) және Қазақ спорт және туризм академиясының магистратурасын бітірген.

Серік Сәпиевтің алғашқы ірі жеңісі ішкі біріншілікте болды. Ол 60 келіге дейінгі салмақта Қазақстан чемпионы атанып, ұлттық құрамаға қосылады. Боксшы алдағы жылдары ең беделді жарыстардың түгелінде дерлік жеңіске жетті: екі дүркін әлем чемпионы (2005, 2007). Азияның екі дүркін чемпионы (2007, 2009), 2011 жылы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2009 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері атанады. Дегенмен, оның басты мақсаты – олимпиада алтыны әлі алынбаған болатын. 2008 жылы Бейжіңдегі жеңіліс Сәпиевке тіпті ауыр тиді. Себебі, ширек финалдағы жекпе-жекте 2004 жылғы олимпиада чемпионы Мануш Бунжом төрешілердің күмәнді шешімінен кейін жеңіске жетеді. Ол бұл олимпиададан кейін 69 кг дейінгі санатқа ауысты.

2012 жылы Лондондағы жазғы олимпиада ойындарына Қазақстан бокс құрамасының капитаны тың дайындықпен келеді. Еліміз үшін өте нәтижелі 69 келі салмақта әу бастан фаворит саналды. С.Сәпиев бейресми атағын толық ақтап шықты, ол финалға дейін еш сүрінбей өтті. Ал шешуші жекпе-жекте алаң иесі британиялық Фредди Эванспен кездеседі. Бейжіңдегі жағдай қайталанбасы үшін боксшымызға төрешілер еш күмәнданбайтындай таза жеңіске жету керек еді. Қанша жылдық еңбек пен тәжірибенің арқасында Серік Сәпиев жекпе-жекте салқынқандылық көрсетіп, британиялықты айқын басымдылықпен жеңеді. Қазақстандық боксшының жарыс бойындағы шеберлігі әлемдік көрермендердің назарынан тыс қалмай, оған Вэл Баркер Кубогы табысталды.

Ең басты арманына қол жеткізген спортшы 2012 жылдың соңына қарай спорттық мансабын аяқтайды. Дегенмен, Серік Сәпиев спорт саласынан алыстамай, сол күндерден қазірге дейін Қазақстан спортын дамыту үшін жұмыс істеп келеді. Ол 2013 жылдың 23 тамызынан бастап ЮНЕСКО-ның ізгі ниет елшісі болады. Сонымен қатар, осы жылы «Болашақ» стипендиясының иегері атанып, Брунел университетінде оқуға түседі. ЖОО-ны 2014 жылы бітіріп, оқудан кейін «Astana Arlans» жартылай кәсіби бокс клубының бас директоры болып тағайындалады. 2017-2018 жылдары 28 ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты қызметін атқарады. Ал 2019–2021 жылдар аралығында Қазақстан мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы қызметінде болды. Биыл олимпиада чемпионы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің Қоғамдық кеңесіне қосылды. Бүгінгі күні ресми қызметінен бөлек аты аңызға айналған боксшы жастар арасында салауатты өмір салтын белсенді насихаттаумен айналысады.



ДӘСТҮР

Жастардың біле бермейтін дәстүрлері жетерлік. Соның бірі – «қарағым, айналай, көгілдірі аққудың секілдім-ай» деп әндете жырланған айдар, кекіл, тұлым қою дәстүрі. Айдарлы ұл, тұлымды қыз өсірген қазақ ұрпағынан зор үміт күткен. Ұлының тоқымқағар тойын сәтті атқарған әкелер сол уақыттан бастап ұлына айдар, қызына тұлым өрген. Ал аймандайлы ұл-қыздарын тіл-көзден алыс ұстағысы келген ата-әжелеріміз «Сәбидің кекіліне періште ұялайды» деп балаға кекіл қоюды дәстүрге айналдырған. Салтымыздың мән-мағынасын этнолог-ғалым Тәттігүл Қартаева кеңінен тарқатты:

– Қазақ халқы кішкентай баланы тіл-көзден сақтау үшін оған айдар, тұлым, желке шаш қойған. Айдар, тұлымды қыз балаға да қойған. Ұл баланың айдары төбесінен қойылған немесе желке тұсынан бір ғана шаш қалдырған. Оны «желке шаш» дейді. Кейін

бұл шашты өсіріп, өрген. Айдар, тұлымды, желке шашты бала сүндеттелгенге дейін немесе алғашқы мүшел жасқа (13 жас) дейін алмаған. Егер баласы көп шетінесе, бірнеше рет түсік жасаса, бесікте жатқан сәби аурушаң болса, «көз тимесін» деп айдар, тұлым, желке шаш қойған. Сондай-ақ, әйел кілең ұл туып, соңында қыз баланы дүниеге әкелген кезде, «тіл-көзден сақтасын» деп сәбиге тұлым қойған. Қыздың тұлымы екі самайынан қойылған. Оның айдар, тұлымын түбінен кесіп тастамаған, – дейді ғалым.

«Айдарлы ұлда айбар бар» деген сөз қазақтың хан, батырларының айдар таққанын бейнелейді. Оған дәлел, тарихи деректерде Кенесарының інісі Наурызбай батырдың да айдары

болғаны жайлы айтылады. Ал «Қобыланды батыр» жырында «Тұлымдыны тұл қылды, Айдарлысын құл қылды», – деген жолдар кездеседі. Яғни ұмыт болған дәстүріміздің астарында «тіл көзден» басқа ер-баланың ерік-жігері де ұйғытылғанын аңғаруға болады. Салтымызға сай әрекеттің дінімізде берекеті бар ма? Бұл туралы дінтанушы Абдусамат Қасым айдар қоюға дінімізде нақты тыйым жоқ екенін айтады:

– Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шашының ұзындығы кейде құлағының сырғалығына дейін жетсе, кейде ныққа дейін жететін болған. Бірақ шашын тарап, оған май жағып, әлсін-әлсін бал жаққандығы да хадис кітаптарында айтылады. Сондай-ақ, шашы қатты өскен кездерінде буып, төрт бұрымға бұрымдап қоятындығы да

риуаяттарда келтіріледі. Дегенмен, шашты ұзын қылып өсіру сүннет амалы ретінде есептелмеген. Сондықтан да бұл мәселеде жергілікті менталитет пен әдет-ғұрып негізге алынады. Егер де қоғамда ер кісілердің шаш өсіруі әбестік саналса немесе шаш өсіру әдеті көбіне пасықтарға тән әрекет болған болса, мұсылман кісі одан тартынғаны жөн. Осы орайда, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шаш өсіру жайында айтқан бұйрығы жоқ. Бірақ шашқа жақсы қарау жөнінде айтқан бұйрығы бар. Сахаба Әбу һурайран (р.а.) риуаят еткен хадисте Алла елшісі: «Кімнің шашы болса, оған икрам етсін (құрмет көрсетсін)» деген. Яғни өскен шашын дода-дода қылмай, тарап, қажет болса шашқа арналға майларды қолданып, ретке келтіріп

жүргені дұрыс екен, – дейді дінтанушы.

Әлем халықтарында да балаға шаш қоюдың өзіндік дәстүрі бар. Соның ішінде қазақтың айдарына ұқсас үлгіні Тайланд халқы да көп қолданған. Олар айдарды аурушаң, әлсіз балаға қойып, айдар оған күш береді деп сенген. Сонымен бірге, Қытай, Мысыр халықтары болмысынан өте сүйкімді, алып болып туған балаларға «көз тимесін» деген ниетпен айдар қояды. Ал моңғол, маньчжур, калмак, украин, түрік халықтары ежелде айдарды жыныстық айырмашылықтың белгісі ретінде қойған. Ал «аттан жығылса да салттан жығылмайтын» халқымыздағы аталған ерекше дәстүрдің мән-мағынасы ерекше. Сондықтан ұмыт болған дәстүріміз жаңғырса дейміз.

БІР САУАЛ

«НАН ҰРСЫН» ДЕУ ДҰРЫС ПА?



Тамирлан ДАРХАНҰЛЫ,
«Әзірет Сұлтан» мешітінің наиб-имамы:

– Араб тілінде ант ішуді «ямин» (күш, қуат) деп атайды. Адам баласы өз сөзін қуаттауға тұшымды дәлелді таба алмағанда, ант ішуге жүгінеді. Сондықтан да әрбір халық өз дәстүріндегі мен ой өрісіндегі қасиетті деп санайтын нәрсемен, затпен, ұғыммен ант ішеді. Бірде әйгілі сахаба Омар ибн Хаттаб (Оған Алла разы болсын) керуенмен жолда жүріп бара жатып, өз әкесінің атымен ант ішеді. Бұны байқап қалған Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: «Алла Тағала сіздерге ата-баба атымен ант ішуді тыйым салғандығын біліп қойыңдар! Кімде-кім ант ішетін болса, Алланың атымен ант ішсін немесе үндемесін». Қорытынды: Ислам діні бойынша «Нан ұрсын» деп ант ішуге болмайды. Ант ішу тек Алла Тағаланың есімі мен сипаттарымен жүзеге асырылады. Дұрысы – Аллаға мәлім.

АҚПАРАТ

МЕШІТ АШЫЛДЫ

Алматы қаласының Алатау ауданында «Қарасай батыр» мешіті ашылды.

Құлшылық ордасының ашылу салтанатына ҚМДБ Төрағасының орынбасары, наиб мүфти Кенжеәлі Мырзабаев, бас имам Төлеби Оспан, әкімдік қызметкерлері, қала имамдары, сондай-ақ ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер, мешіт жамағаты

қатысты. Алатау ауданына қарасты «Өжет» шағынауданында орналасқан көрікті Алла үйінің ашылу рәсімінде наиб мүфти Кенжеәлі Қоңыратбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының сәлемін жеткізді.

Одан бөлек, мешіт салуға де-меушілік жасаған кәсіпкерлерге Бас мүфтидің Алғыс хатын табыстады. Жаңа мешітке бас имам болып тағайындалған Ержан Базарбекұлын жамағатқа таныстырып, қызметіне береке тіледі.

Айта кетейік, бұл – Алматы қаласы бойынша бой көтерген 54-ші мешіт.



ФИБРАТТЫ ӘНГІМЕ



ӨЗІҢНЕН БАСТА

Қожанасыр бабамызды біз әзілкеш, қалжыңбас ретінде танимыз. Ал негізінде ол үлкен әулие кісі болған деседі. Оған халық жанына ғана емес, тәніне, дертіне дауа іздеп келеді екен.

Бірде ол кісіге бір келіншек кішкентай ұлын алып келіпті. Баласының кесек топыраққа жаны құмар екенін айтып, дауа сұрапты. Кесек жемесе тұра алмайды, үйдің қабырғаларын, даланың кез келген лас жерін қазып жей береді екен. Сонда Қожанасыр атамыз біраз ойланып отырып:

– Ұлыңызды тура бір айдан соң әкеліңіз, сонда ғана жазып бере аламын, – депті. Келіншек қуанып, алғысын айтып шығып кетіпті. Арада бір ай өтіп жаңағы келіншек атамызға тағы келіпті. Қожанасырдың алдына баласын отырғызып, емдік шараларын күтіп отырған екен, Қожанасыр балаға қарап:

– Балам, кесек топырақ жеме, – депті. Сонда ашуға бұлыққан келіншек:

– Бір ай бойы күттірмей-ақ сол кезде осы сөзді айта салмадыңыз ба? – дегенде атамыз:

– Қызым бір ай бұрын мен де кесек топырақты жейтін едім. Өзім жегенде балаға «саған жеме» деп айтуға дәтім қалай барсын. Содан сендер келген күннен бастап топырақ жеуді қойдым, бір ай бойы ағзамды соған үйреттім. Біреудің көзіндегі шөпті алмас бұрын, өзіңнің көзіңді қурайдан тазартып ал деген бар емес пе? – деген екен.

Келіншек оның данышпан кісі екеніне көзі жетіп, кешірім сұраған екен.

Бетті дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Елімізде кейінгі жылдары режиссура саласы қарқынды дамуда. Искерлік пен белсенділік танытып келе жатқан режиссерлеріміз баршылық. Алайда, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын дәріптеп жүргендердің саны саусақпен санарлық. Солардың ішінде адыңғы буын ағалардан үлгі алып, кейінгі толқын інілерге өнеге көрсетіп жүрген режиссерлердің бірі Жұдызбек ЖҰМАНБАЙМЕН әңгімелескен едік.

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ТЕАТРЫ БІРЕУ-АҚ...

– Өмір дастаныңызға үнілсем, басында актерлікке бет бұрған екенсіз. Біршама жыл сол салада еңбек етіпсіз. Жалпы, актерліктен режиссерлікке қалай келдіңіз?

– Академияда оқып жүргенімізде бізге тапсырма берілетін. Өртүрлі шығармалардан 5–10 минуттық үзінділерді өз бетімізше қоямыз. Текст жазамыз, режиссер да боламыз. Былайша айтқанда, өзіміз хан, өзіміз би боламыз. Ұстаздарымыз студенттерге қалағандарынша ерік беретін. Кім қалай қоямын десе де өзі білетін. Мұғалімдердің сынын естідім, ескере бастадым. Осылайша режиссерлік қабілетімнің шет жақтарын байқай бастадым. Кейіннен Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында 8 жылдай актерлік қызмет атқардым. Сол кездерде Жанат Хаджиев, Қуандық Қасымов ағаларымыз осы мамандықтың қыр-сырын үйрете бастады. Қастарында жүрдім, ассистент болдым. Сол кездерде өзімнің ойларымды да айта бастадым. Осылайша режиссерлікке тапсыруға бел байладым. «Болашақ» бағдарламасымен Ресейдің «Театр өнері» институтында (ГИТИС) «режиссер» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алдым. «ГИТИС – театрдың мекесі» деп айтып жатады. Расымен-ақ, қаншама мықты мамандардан білім алдым, бірнеше театрларды тамашаладым. 2 жылдай уақытымды тиімді пайдалануға тырыстым. Таңертеңнен түске дейін сабақ, кешке дейін кітапханада уақытымызды өткіздік. Одан кейін театрларға баруды әдетке айналдырып алдым. 2 жыл мен үшін аз уақыт болды, барынша тиімді пайдалануға тырыстым. Үлгергенімше Мәскеудің барлық театрын көріп шықтым деп айта аламын. Басында бәрін көресіз, одан кейін тандап көресіз, кейіннен талғаммен көресіз демекші, Мәскеуде жүріп театр өнерімен етене таныса бастадым.

– Бұрындары белді де белді рөлдерді сомдағаныңызды білеміз. Қайтадан актерлікке келу ойыңызда бар ма?

– Осы өнер жолында жүрген қыз-жігіттер мына спектакльден сізді көрдік, ана спектакльден сізді көрдік деп айтып жатады. Режиссер болғандықтан, әр актерға өзімізге ғана тән қолтаңбаларымызды салып жіберемін. Қойылымда актерлардың әрбір деталіне, қимыл-қозғалысына ерекше мән беру арқылы өзім де ойнап жатқандай күй кешемін. Себебі, спектакль сіздің қалауыңыз бойынша сахналанады. Осы процестерді көріп отырып, актер болсам деген ой басыма қайта

«Ән - Мұхит»
дәстүрлі музыкалық драма



оралмапты. Қазақта бір жақсы сөз бар ғой, «Екі кемелдің басын ұстаған суға кетеді», «Ағаш бір жерде тұрып гүлдейді». Сол секілді, осы режиссерлікке келгендіктен, осы салада өркендеймін, көктеймін деп келдім. Актерлікті сағынып, іздеген сәттерім болмаған екен. Шамам келгенше біршама рөлдерді сомдадым, актерліктен жеткілікті ләззат алдым деп айта аламын. Өмір кітап болса, бұл саланың беттерін жауып қойдым. Бәлкім, бұрын оқыған кітапты қайта оқығандай, қайта парактауым да мүмкін. Ол бір Алланың қалауындағы дүние.

– Бізде театр өнері Ресейден бастау алған деп жатады, сол жайында не айтасыз?

– Әр халықтың өзіне тән мінез-құлқы, ұлттық дәстүрі, сана сезімі бар. Қазақ даласына театр өнері келгенде алғашында түсініспеушілік туындаған. Себебі, біздер сонау бір замандар-

дан бері жыршылық, әншілік, айтыс өнерімен сусындаған халықпыз. Бізге бір орында отырып тамашалау қалай болса да жат болды. Ауыл арасындағы той-томалақ, сауық-сайранды театр баса алмады. Сол себептен де болар, қазіргі таңда да халықтың басым көпшілігі театрға келгенде тартынып қалатыны. Концертке келгенде делебеміз қозып, арқаланып кетеміз. Бұл біздің қанымыз, жанымыз, мұны бізден ешкім айыра алмайды. Енді сіздің сұрағыңызға келсек, ол кездерде де театр бізде дамыды. Өзінбайжан Мәмбетов, Жанат Хаджиевтер Ресейде оқып келді. Жаңашылдық, ерекше леп әкелді. Асқар Токпанов деген атамыз қазақтың театр институтын ашты, ұлттық құндылықтарымызды театрмен қалыптастырды. Сол кездерде көп нәрсені жоғалтып деп айта аламын. Сондай-ақ, көп нәрсеге қол жеткізе алдық. Сол жылдарда режиссерлар ұлт-



ларын киіп жүр, көрсен көзің тояды. Осылай ақырындап өзгере бастаймыз. «Елу жылда – ел жаңа» дейді. Енді ғана 30 жыл болды. Әлі 20 жылымыз бар – бәрі өзгереді, өз арнасына түседі деген сенімдеміз. Сол кезде режиссер да, театр да өзгереді.

– Ұлттық өнерімізді ұлықтап жүрген театрда еңбек етудесіз, жұмысыңыз қалай? Өзіңізге ұнай ма?

– «Алатау» дәстүрлі өнер театрында қызмет жасап жүргеніме қуанамын. Бұл театр ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын академия деп айтсам, артық айтпағаным. Осы жерде жұмыс жасап жүргенімде ұлтқа қызмет жасаудың не екендігін түсіндім. Қазақстандағы жалғыз өнер ордасы, дәстүрлі өнер театры біреу-ақ екен. Ол осы Алматы қаласында ғана. Жалғыз қалаға ғана қарайды. Ұлтымыздың өнерінен өнеге беретін театр бір ғана қалада болмауы керек қой. Біз ұлттық өнерімізді дамытқымыз келсе, мемлекет өз қамқорлығына алуы керек. Сонда ғана басқа шетел бізді кеңінен тани бастайды. Өнер десек, кейбіреулер филармониямен шатастырады, «ой, не керек, олардың саны жетеді ғой» деп айтып жатады. Дәстүрлі өнер театры филармония емес екендігін ұғыну керек. Қытайлар «Кобоки» театрын қалай бағалайды? Ұлттық театрына үлкен құрмет көрсетеді. Ал біздің театрымыз қаланың ең бір шетінде, көптің көзіне көріне бермейтін оқшау бір жерде. Осы ретте Абайдың «Қайнайды қаның, ашиды жаның» деген сөздері ойға оралады да үнсіз қаласың. Әрине, біз Алматы қаласының әкімдігіне ризамыз. Бізге қолдан келгенше көмектерін көрсетеді. Алайда, мемлекеттен қолдау көрсетіліп, еліміздің түкпір-түкпірінде «Алатау» дәстүрлі өнер театрының филиалдары ашылса деген ой келеді.

– Оқырмандарымызды өзіңіз қызмет атқаратын «Алатау» дәстүрлі өнер театрының жұмыстарымен таныстыра кетсеңіз.

– Театрда еңбек еткеніме бір жылдың жүзі болды. Бастапқыда «не істейміз? Қандай бағытта жұмыс жасаймыз?» деген қиындықтар туындады. Себебі, сол уақыттардан бастап театр өз арнасын тапты. Салт-дәстүріміз бен ән-жырымызды, ұлттық аспаптарымызды, биімізді қойылымдарға ұштастыра бастадық. Халқымыз мюзикл жанрындағы қойылымдарды жақсы көреді ғой, сол сарындағы қойылымдарды қолға ала бастадық. V маусымда «Балалар жылы» аясында «Әгуай мен Игигай» атты халық ертегілері мен дәстүрлі әндерден құралған балаларға арналған музыкалық қойылымын көрермендерге ұсындық. Сондай-ақ, қазақ халқының топтық, жеке билерінен құралған «Әсем әуен мен көркем қимыл» сазды би кеші ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» жыры бойынша жазған музыкалық комедиясы театр сүйер қауымға ұсынылды. Жаңа маусымға дайындығымыз сақдай сай. Жаңа спектакльдерді ұсыну жоспарда бар. Мәселен, көпке таныла қоймаған, көбісі естімеген күйлерімізден құралған кеш ұйымдастырмақпыз. Қазақ халқының жыр-дастандарына негізделген қойылымдар да қойылмақ. Мұның барлығы алдағы күндердің еншісіндегі дүние.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Ақтолықн ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Айнұр
СЕМБАЕВА

Кітап – менің жан досым!



Білім – кітапта. Жастайынан кітап оқыған баланың ой-өрісі кең, қиялы жүйрік, тілі шұрайлы болатыны рас. Бүгінгі күннің басты мәселесі – гаджетке байланған баланы кітап оқуға баулу болып отыр. Осыған орай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастама көтеріп, балалар мен жасөспірімдердің арасында кітап оқуды арттыруға қатысты тапсырма берген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде өткен жыл «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп жарияланған еді. Ал биыл – «Балалар жылы». Соңғы жылдары балаларды кітап оқуға ынталандыру мақсатында республика бойынша біраз шаралар ұйымдастырылып келеді. Дегенмен, оқуға құлықсыз баланың кітапқа деген қызығушылығын оятатын ең алдымен – ата-анасы. Бала естігенінен гөрі көргенін қайталайды емес пе? Үйінде ата-анасы кітап оқитын, үлкендерге еріп кітап дүкеніне баратын балалар кітапқа құмар болады. Біз алматылық кітапқұмар оқушылардан жазғы демалыста қандай кітап оқығандары туралы сұрап көрген едік. Ендеше, сауалнамамызға қатысқан балақайларға кезек берейік!

Айжан АМАНТАЙҚЫЗЫ,
11 жаста:

Оқыған сайын оқи бергім келеді

– Осы жазда жиен сіңлім Медина екеуміз бірге көп кітап оқыдық. Біз Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты кітабын оқып жатырмыз. Кітаптың ішіндегі әңгімелер өте қызық екен. Әсіресе, «Табылған тәсіл», «Арам сорпа», «Бір табақ ұн», «Бір табақ арпа» және т.б. әңгімелері қатты ұнады. «Табылған тәсіл» атты әңгімесі қарама-қарсы үйде тұратын ауыл совет председателі Қожаның кішкентай сары қызы мен Бердібек туралы. Қыз үнемі қолына добалдай нан ұстап жеп жүреді. Бердібектің қызы «Нанды орысша жей аласың ба?» деп алдап нанын алып ап, тойып алған жері өте қызық. Ал «Арам сорпа» атты әңгімеде Бердібектің әкесі мен ағасы заставадан сорпа алып келеді. Анасы бұл сорпа шошканың етінен жасалған болар деп байбалам салады. Себебі, бұл сорпа пісірілген қазанда шошканың да, өгіздің де сорпасы қайнатыла беретін еді. Осы шуды естіген көршілер өсектеп, көшедегі балалар Бердібекті «шошқа жеген көпір» деп мазактайды. Дәл осындай ауыл баласының басынан өткен оқиғалар өте тартымды, қызық. Оқыған сайын оқи бергім келеді.

Медина МЕДЕТҚЫЗЫ,
8 жаста:

Кітапқа қызыға бастадым

– Мен де Айжан әпкем секілді «Балалық шаққа саяхат» кітабын оқыдым. Екеуміз бұл кітапты бір-бірімізге әңгімелеп, талқыладық. Бұл кітаптан басқа мен «Райымбек батыр», «Алтын жүзікті қыз», «Дәрігер Дәйзи», «Бас аспаз Сэм», «Тышқанның басынан кешкендері» секілді қызықты кітаптарды оқыдым. Ең алғаш кітап оқи бастаған кезде кейбір сөздерді түсінбей, оқығым келмей жүрді. Кейіннен әңгімелер мен ертегілердің қызығына кіре бастадым. Кітап оқыған ұнай түсті. Енді бос уақытыма кітап оқуды әдетке айналдырамын.

Күнәпия АЛДИЯР,
10 жаста:

Шоколад әлеміне барғым келеді

– Мен былтыр «Чарли және шоколад фабрикасы» деген фильмді көрген едім. Сондағы Вилли Вонг секілді шоколад патшаның иесі болсам ғой деп армандайтынмын. Биыл анам маған «Шоко әлем» деген кітап сыйлады. Анам: «Кітап фильмнен де қызық» деген соң бастап оқып көріп ем, шынымен қызық екен. Өйткені, маған фэнтези жанрында жазылған шығармалар ұнайды. Элия мен Райлдың таңғажайып Шоко әлеміне тап болғаны секілді мен де шоколад әлеміне барсам ғой деп қиялдап кеттім. Өйткені, Шоко әлемде барлық бұйымдар, тіпті үйлер шоколадтан жасалады. Кітапта Шоко әлемнен бөлек небір сиқырлы елдер жайлы айтылады. Кейіпкерлердің басынан түрлі қызықты оқиғалар өтеді.

Жәния МҰРАТ,
9 жаста:

Ертегі еліне саяхаттадым

– Мен жазғы демалыста бірнеше қазақ ертегісін және әлем халықтарының ертегілерін оқып тауыстым. Бұрын ертегілерді анам оқып беретін. Қазір өзім оқи аламын. Маған «Алтын мүйізді киік», «Бір үзім нан», «Алтын құс», «Патшаның үш қызы», «Ақылды жігіт пен зерделі қыз» деген ертегілер ұнады. Ең сүйікті ертегілерімнің бірі – «Күн астындағы күнкіей қыз». Бұл ертегіні екі рет қайталап оқып шықтым. Мейірімді, сұлу кейіпкерлерім үшін жанкүйер болып отырамын. Мен болашақта ертегілер жазғым келеді. Бүкіл әлемнің балалары менің ертегілерімді оқитын болады.

Шұғыла ТІЛЕКҚЫЗЫ,
12 жаста:

«Сәлем, құрбым!»

– Бұдан кішкентай күнімізде ата-анам бізге «кітап оқып, содан түсінгендерінді айтып берсеңдер, компьютер, телефон ойнайсыңдар» деп шарт қоятын. Мен сонда ең алғаш «Мұқағали» кітабын алып оқығанмын. Ішіндегі өлеңдердің сөздері маған көбіне түсініксіз болып келетін. Сосын ары қарай парактай бастаймын. «Балаларға арналған өлеңдер» деген топтамасын көріп қалдым да, қуанып кеттім. Түгел жаттап алғам бүгінде. Қазір де осы кітап жанымға жақын. Қыздар болып онлайн «мектеп-мектеп» ойнағанда, мен мұғалім болып, осы кітаптан тапсырма беремін «балаларға». Ал мен ондағы «Үш бақытым» деген өлеңді қайталап оқи беруден жалықпаймын. Ол Қазақстанды сүйеге арналған өлең деп білемін.

Кейін ата-анам «Балалар энциклопедиясын», «Әлдицен эпосқа дейін», «Өсімдіктер әлемі» деген кітаптар сатып әкеліп берді. Түгел оқып шықтым. Енді өз қалауымен сатып алған «Қыздарға арналған энциклопедияны» оқып жатырмын. Алғашқы бетін ашып қалғанда, «Сәлем, құрбым!» деп басталғаны қатты ұнады. Маған арналған кітап секілді сезіндім. Ішіндегі тақырыптар әртүрлі әрі қызықты. Жалықтырмайды. Маған, мысалы, «Өз имиджіңді қалыптастыра біл» деген бөлімі ұнады. Онда қыздардың қалай киінуі керектігі, талғам туралы айтылады. Мен де сәнді киінгенді ұнатамын, сондықтан кейде осы кітапта айтылған кеңестерге назар аударамын. Сосын «Ата-анаммен қарым-қатынасың қалай?» деген бөлім де бізге көп нәрсені үйретеді деп ойлаймын. Өткенде бір құрбым анасымен жні ренжісіп қала беретінін айтқан болатын. Мен осы кітапты оқуға кеңес бердім. Құрбым рахметін айтты. Кітапқа да рахмет!

Мадияр НҰРЖАНҰЛЫ,
10 жаста:

Энциклопедия оқығанды ұнатамын

– Мен ежелгі мемлекеттер мен қалалар, көліктердің пайда болуы, адамдардың кәсібі туралы энциклопедиялық кітаптарды оқығанды жақсы көремін. Өйткені, анам маған кішкентайымнан «Жануарлар әлемі», «Адамның дене мүшелері», «Өсімдіктер әлемі» секілді кітаптарды алып беретін. Быыл «Теңіз қарақшылары» атты кітапты оқып шықтым, кітап керемет безендірілген екен, суреттері өте әдемі. Адамзат баласы алғаш рет қашан, қалай теңізге шықты? Қарақшылар деген кім, олар неге теңізшілерге шабуыл жасайды? Теңіз арқылы қандай тауарлар тасымалданатын болған? Міне, осындай өзімді қызықтырған сұрақтарға жауап алдым. Кітап оқудан бөлек, осы жазда ағылшын тілін үйренуді дамыта түстім. Суреттер арқылы сөздік жаттау оңайырақ екен.

Айша НҰРЖАНҚЫЗЫ,
11 жаста:

Хэрри Поттердің түпнұсқасын оқысам деймін

– Мен кішкентайымнан кітап оқығанды жақсы көремін. Балабақшаға барып жүрген кезімнен бастап-ақ кітап оқуға құмар болдым. Анам оқып берген ертегілерді жаттап алып, әріп танымасам да, кітапты қолыма алып, зуылдатып оқи жөнелетінмін. Қазір сабақтан бос кезімде кітап оқуды әдетке айналдырдым. Быыл жазда анам маған Ж.К. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» кітабын сатып алып берді. Кітаптың алғашқы бетіп ашып қалғанымда 9 жастағы Фиона Чедвик деген оқырман қыздың жазбасы көзіме бірден түсті. «Бұл кітаптың бір-ақ кемшілігі бар: бір бастасаң – тастай алмайсың» деп жазып қойыпты. Осы сөз менің кітапқа деген қызығушылығымды арттыра түсті. Бұрын Хэрри Поттер жайлы фильмді көрсем де, әлемге ең танымал кейіпкер жайлы кітаптан оқу тіпті қызық екен. Оның әр оқиғасын сондай қызығушылықпен оқимын. Болашақта Хэрри Поттердің толық бөлімдерін ағылшын тілінде оқығым келеді. Қазір Элинор Портердің «Поллианна» кітабын оқуды бастадым.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

«А.Байтұрсынұлының қазақ баласына істеген еңбегін, өнер-білім, саясат жолындағы қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын болады».

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

«...Бұл бір жаратылысы бөлек – сырбаз, кербез, аса мәдениетті, білгір, салмақты, мейірімді адам көрінді маған. Жазушылар одағындағы жиналыстардың төрінен орын берілетін. Ол беторамалын біресе оң, біресе сол қалтасынан суырып, кең маңдайын сүртіп, пенсенесін (көзәйнегін) қозғап қойып, мұңлы, ойлы көздерін залға қадап отырушы еді. Алла Тағала Ахмет Байтұрсынұлына терең ойлы біліммен бірге ажар-көрің де молынан сыйға тартқан».

Дмитрий СНЕГИН.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуын реформалау және «Әліппе» мен «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқу құралдарын жазу арқылы қазақы ұлттық мәдени болмысты жаңа заманға аз уақытта қайта бейімдей алған феномен.

Әзия ЖҰМАБАЕВА,
педагогика ғылымының
докторы, профессор.

ТҰЛҒАТАНУ

ОЯНЫП, ЖАН-ЖАҒЫҢА САЛ КӨЗІҢДІ...

Меңзеймін Қарасуды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам.

Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді,
Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан.
Өткізіп уақытты өкінерсің,
Пәледен, басқа келмей, деймін сақтан.

Қазағым, сал құлағың нақылма,
Түсініп, айтқан достық ақылма.
Сөз емес еріккенде ермек еткен,
Айтамын жаным ашып жақыныма.

Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсең,
Боларсың Қарасудай ақырында.

(«Өзен мен Қарасу» өлеңінен).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ...

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесе, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесе, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуы тиіс.

Қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап, тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз. Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби қолайсыз болады.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

ДҮЙСЕНБІ
22 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия.
Дайджест
9.30 Алматы со вкусом
9.45 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка,
1001 түн, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. Келіндер-3
14 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.25 Дневные новости
15.50 Женский кино клуб. Тест
на беременность-2
5-6 серия
18.00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.15 Телехикая. Мамыр
ханшайымы 13 серия
Телехикая. Егіз ғұмыр
21.45 Телехикая. Егіз ғұмыр
16 бөлім
22.45 Мужской сериал. Брат
за брата 16 серия
23.45 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.45 Шешімі бар
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.10 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.45 Алматинские истории
4.10 Алматинские каникулы
4.20 Алматы тұнған тарих
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Másele». Әлеуметтік-
сараптамалық
бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая. Түркия,
2013-2016 ж.ж.)
12.00 «Күйеу бала».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Күйеу бала».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Тұлға» (Сұлтан
Оразалы – жазушы,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері)
(2020 ж.)
15.30 «Тіршілік».
Деректі фильм.
16.00 «БАҚЫТСЫЗДАР
БАҒЫ». Телехикая.
(Қазақстан, 2018 ж.)
17.15 Дисней ұсынады.
«САҚШЫ АРЫСТАН».
Мультхикая. (АҚШ,
2015-2019 ж.ж.)
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая. (Түркия,
2013-2016 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «Күйеу бала».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая. (Түркия,
2021 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Жоғалған қыз».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
0.20 «Егіз лебіз»
2.15 AQPAPAT
2.50 «Тіршілік». Деректі
фильм.
3.15 «Ауылдастар»
3.40 «Жәдігер»
4.00 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 «Кел, шырқайық»
7.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Оян!»
10.00 Телесериал. «Бабочки
и Птицы»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Телехикая.
«Пәленшеевтер 3»
13.00 Новости
13.10 Сборник.
«Пәленшеевтер»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Телесериал. «Бабочки
и Птицы»
18.00 Мегахит. «Принц»
20.00 Қорытынды
жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Көзімді
жұмсам да...»
23.30 Мегахит. «Неистовый»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 «Ұмытылмас тұлғалар»
деректі фильм
07.00 Ризамын
07.30 «31 әзіл»
08.30 «Ханшайым» үнді
сериалы
09.30 «Зейнеп» түрік
телехикаясы (қайталау)
10.30 Тұсаукесер! «Қайсар»
телехикаясы
12.00 Т/сериал «Отель
Элеон» (повтор)
12.30 Т/сериал «Отель
Элеон»
13.10 КИНО. Милла Йовович
в боевике «Обитель
зла. Возмездие»
(повтор)
15.10 КИНО. Том Круз в
боевике «Миссия.
невыполнима 2»
(повтор)
18.00 КИНО. Дольф
Лундгрэн в боевике
«Работоторговля»
(повтор)
7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.40 «Супер өке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек» телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
15.30 «Супер өке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. «Ертемір»
18.35 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
19.50 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» Телехикая.

20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Үздік әзілдер»
06.10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.15 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Құрақ» телехикаясы
14.30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
15.40 «My love is Aisulu» X/ф
17.40 «Шаншар»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «Тік-Ток хаус» телехикаясы
02.00 «Үздік әзілдер»

TALIMTV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Қышқыл-мысқыл
13.40 Оңліне
14.10 Емен жарқын
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Заблудившийся» – Художественный фильм
17.00 Идея
18.00 Тәтті time
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақ білсін
19.15 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Айтыс Strike
21.00 25 сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Автопортрет
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



«ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА». Көркем фильмі. «Қазақстан» арнасы. Сағат 23.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
28 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Үздік әзілдер
8.00 Алақай демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.00 Детский киноклуб.
11.30 Алматинские истории
12.00 Әсем әуен
12.40 Almaty, suiem seni
13.10 үздік әзіл
15.00 Женский киноклуб
19.00 Телехикая. Мамыр ханшайымы 19 серия
20.00 BOLLYWOODтан махаббатпен! Мелодрама
23.00 Мужское кино.
1.00 Бақытты отбасы (қайталау)
1.25 Almaty, suiem seni (қайталау)
1.50 Алматинские истории
2.15 Алматинские каникулы
2.30 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
7.10 «Жажурек мың бала». Көркем фильм («Қазақфильм», 2012 ж.)
9.30 «Күрдым». Арнайы жоба
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая. (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
12.00 Дисней ұсынады. «101 ала күшік 2». Мультфильм (АҚШ, 1961 ж.)
13.05 «Ән мен әнші»
15.35 «Лашықтан шыққан миллионер». Көркем фильм (Ұлыбритания, Үндістан, 2008 ж.)
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая (Түркия, 2013-2016 ж.ж.)
20.00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «ТІРШІЛІК».
20.35 «Достығымыз жарасқан». Концерт
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2021 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Кек алушылар. шексіздік соғысы». Көркем фильм (АҚШ, 2018 ж.) (Marvel Studios ұсынады)
1.45 «Теледәрігер»
2.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
3.15 Деректі фильм. «Тіршілік»
3.45 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 «Кім мықты?»
7.00 Телехикая марафоны. «Балтакөзде бақытым»
9.00 Концерт. «Алашұлы»
11.00 Кино. «Менің күнәлі періштем»
12.45 Телехикая марафоны. «Пәленшеевтер 3»
16.00 Телесериал. «Сезон дождей»
18.00 Мегахит. «Слепой»
20.00 «Aitystar»
22.00 Документальный фильм. «Отдел журналистских расследований»
22.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
23.30 Телемарафон. «Көзімді жұмсам да...»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия

07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (повтор)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Мультсериал «Царевны»
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Анимационный фильм «Ранго» (повтор)
13.30 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Корее» (повтор)
15.40 КИНО. Джейк Джилленхол в фэнтезийном боевике «Принц Персии. Пески времени» (повтор)
18.20 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 2» (повтор)
21.10 КИНО. Марк Уолберг, Джейсон Стэйтем в боевике «Ограбление по-итальянски»
23.40 «Алдараспан»
01.20 What's up?
02.00 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
03.30 What's up?
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 Наталия Вдовина, Александр Балуюев в фильме «ЗАКАЗ»
11.15 «QAIYMAK» бағдарламасы
12.00 Премьера. Антон Батырев, Александра Ребенок в многосерийном фильме «ШВАБРА»
16.30 КОНЦЕРТ ЛЮБОВИ УСПЕНСКОЙ
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!». Новый сезон
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Антон Хабаров, Карина Андоленко, Александр Бухаров в многосерийном фильме «ОТЧИМ»
2.10 «ТРИ АККОРДА»
4.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
4.45 «QAIYMAK» бағдарламасы
5.15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.40

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Salem Qazaqstan
09.00 Шоу «Удивительные люди»
11.10 Сағындырған әндер-ай
14.20 Шоу «Маска. Новый Год»
21.00 Х/с «Любовь без памяти»
01.20 Salem Qazaqstan
03.00 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Тамаша»
04.30 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реали-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «УТРАЧЕННЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)

15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASY», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ДОЛГАЯ ДОРОГА К СЧАСТЬЮ», мелодрама. В ролях: Анастасия Цымбалару, Александр Крючков, Екатерина Варченко (худ.сериал)
00.40 «ЧУМА», криминальная драма (повтор) (худ.сериал)
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау) (худ.сериал)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Су ханзадасы» Деректі фильм
07.50 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Польша – Бельгия
09.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
10.20 «SUPER BOL!». 8 выпуск
11.10 «QAZAQ STYLE». 4 бөлім
11.25 «PRO FOOTBALL». Қазақстандық клубтардың еврокубтардағы ойындарының қорытындысы
12.00 БОКС. «Елорда Кубогы». Халықаралық турнирі. 2-бөлім
14.35 Арно Пайперспен сұхбат
14.50 Арнайы репортаж
15.10 ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. Қазақстан – Словения
17.05 «Боз кілемге барын салған». А.Кебіспаев. Деректі фильм
17.40 «Төл өнердің өрендері бақ сынаған бәсеке». Арнайы репортаж
17.50 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). Бразилия – Жапония. Тікелей эфир
19.55 «SUPER BOL!». 8 выпуск
20.45 Специальный репортаж
20.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
21.20 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). США – Болгария. Тікелей эфир
23.25 Арнайы репортаж
23.45 «PRO FOOTBALL». Итоги еврокубкового сезона казахстанских клубов
00.15 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.40 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек» телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзер» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
18.35 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
19.50 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» телехикая.

20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Өжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Үздік әзілдер»
06.10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Отбасы» телехикаясы
14.00 «JUMBAQTIMES»
15.10 «Алдараспан»
19.00 «Тік-Ток хаус» телехикаясы
19.40 «Келинка Сабина» Х/ф
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «Келинка Сабина 2» Х/ф
02.50 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Фибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Айтыстар.
Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Кестелі орамал
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Капля добра в пустыне» – 1, 2 часть
17.00 «Барынды бағала» – Қысқа метражды фильм
17.40 Бабалар сөзі – өсиет
18.00 Talim Speakers
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.00 Дара тіл
21.30 «Шымкентский вариант» – Қысқа метражды фильм
22.00 Абайдың жолы
22.30 Латын
23.00 Тәлім History
23.30 Orkeni style



«ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3». Телехикая. «Хабар» арнасы. Сағат 12.45-те.



ТӘРБИЕ

ЖАҚСЫ КЕЛІН – ҚЫЗЫҢДАЙ

Ене мен келіннің қарым-қатынасы ықылым заманнан-ақ өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Бұл отбасы, ошақ қасының әңгімесі болып көрінгенімен, өз кезегінде ұлттық болмысымыздың бояуын солғындата түсетін мәселе екені белгілі. Жалпы, ене мен келіннің сыйластығы қандай болу керек? Оған салтымыз бен дініміз не дейді? Бүгін осы тақырыптың төңірегінде зерттеу жүргіздік.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Үлкен тойда «бір баламыз екеу болды, келінді қызымыздай көреміз» дейтін сөздерді жиі құлағымыз шалады. Өзге үйдің бақшасында бүр жарған гүл қайын жұртына «қызындай» бола ала ма? Бұл туралы келін түсіріп, ене атанған Шекер Тергембаева келіннің қызындай болмайтынын айтады:

– Келін деген келген адам, қызындай болып кетуі мүмкін емес. Солай... Кейін, бәлкім, қызым болып сіңіп кетер, бірақ келін түсіргеніме төрт-ақ жыл болды. Ақылы бар болса, сіңіп кетеді. Ол қазір менің айтқанымды оқып отырған болса да, ренжімейді. Өзі де біледі. Үйде генералмын. Біздің де отбасында ыдыс-аяқ сылдырлаған сәттер болды. Өмір дегенді өзен деп алар болсақ, ене деген ескек болуы керек. Баланың бақыты үшін, отбасының



бұзылмауы үшін ескекті дұрыс ұстаған жөн деп ойлаймын. Мен бірақ бөлмеймін. Келінім Жетісайдың қызы. Жетісайдың қыздары

жаман деп айта алмаймын, жақсы. Әлі күнге дейін сәлем салады, кісі сыйлайды, – дейді көпбалалы ана.

«Ата-енеге қызмет көрсету міндеттелмеген»

Ал дінімізде ер мен әйелдің өзара міндеттері айтылғанымен, келін мен ене туралы нақты үкім кездеспейді. Десек те, мұның жауабын туыстық қатынастар, бір-бірін бақытты ету тұрғысындағы негіздерден табамыз.

Ең алдымен, жас келінге ешкім күштеп ата-анаға қызмет еткізе алмайды. Бұл – өзара түсіністікпен, сыйластықпен, көңілмен атқарылатын іс. Ерінің бақытын өз бақытына балаған әйел қашан да ата-енесінің көңілін табуға күш салатыны анық. Дінтанушы

Құдайберді Бағашар ұстаз дініміздегі ене мен келін қарым-қатынасының сыйластықтан бастау алатынын жеткізді:

– Жастар жағдайға қарай кейде енші алып, бөлек шығып жатады. Кейде ата-енеммен бірге тұрады. Міне, осы кезде келіннің ақылы мен сабыры, адамгершілік мінезі көбірек сынға түседі. Жас келінге ерінің дүниеге келуіне кімдердің себепкер екенін ұмытпаған абзал. Ерін аяққа тұрғызып, осы күнге дейін асырап бағып, түн ұйқысын төрт бөлген жандардың

еңбегі қалай ескерусіз қалмақ? Таразылай білген нәзік жандылар үшін ата-ененің қас-қабағына қарап, құрметтеудің сыры осында. Сондықтан ақылды жар міндетті түрде ерінің ата-анасын өзінің әке-шешесіндей қабылдайды. Келін өз құқығын алға тартып: «Дінде ата-енеге қызмет көрсету міндеттелмеген» деп кикілжің шығарса, ерінің көңіліне қаяу түсері анық. Алланың разылығы ерінің ризалығына тікелей қатысты екенін білген әрбір әйел оны қаламаса керек, – дейді дінтанушы.

«Бәріне енем кінәлі»

Бүгінде әлеуметтік желіні, телеарнадағы кез келген ток-шоуды қосып қалсақ, көз жасын көл қылып отырған жас келіншектердің бейнесіне тап боламыз. «Отбасымызды ойран қылған – енем»

деп, бар жағдайға жарының анасын кінәлап отыратын келіндердің көрінісіне қанықпыз. Бұл жағдайдың жиілеуіне не себеп екенін анықтауға тырыстық.

Мәнсия СЕРІКӘЛІҚЫЗЫ, әлеуметтанушы:

– Қазіргі таңда ата-аналар жаңа отау тіккен жастарды бөлек жібергілері келмей жатады. «Келін алдық» деп, жас қызға үйдің бүкіл тірлігін ысыра саламыз. Таңнан кешке дейін үй жинап, ас әзірлеп, бір тынбай жұмыс істеуге міндеттеп қоямыз. Бұл, әсте, дұрыс емес. Әуелде, жастарды өздері аяққа тұруы үшін, бір-бірлеріне серік бола білуі үшін еншілерін беріп, бөлек шығарған дұрыс. Ата-анасының үй тірлігіне ебі келмеген жағдайда, яғни 3-4 жыл бөлек жіберіп, кейін жандарына алса болады. Бұл уақыт – жастардың махаббат дастандары өрбитін шақтары. Келін үй шаруасынан босамаса, өзін дамыта алмаса, өз-өзіне қарай алмаса, әрине отбасыда ажырасу орын алады. Ол белгілі жәйт. Сондықтан енелерге айтарым, ұлдарыңызды келіндеріңізден қызғануды қойыңыздар. Сіздер де жас болдыңыздар. Жас келінді де қатты ұстамаңыздар дегім келеді. Бірақ енем бос екен деп, артық кететін келіндер де болады деп жатады ғой. Саналы қыз ондайға бара қоймайды.

Бақытнұр ОСПАН, журналист, «Aqpen birge» жайдарман тобының мүшесі:

– Үйлену тойында ешкім жігітке ақыл айтпайды. Бәрі қызға «Ақылды бол», «Адал бол», «Шыдамды бол» дейді, кейбірі, тіпті, «Өзің бақытты болам деп емес, сол әулетті бақытты қыламын деп бар», «Етің – біздікі, сүйегің – сол үйдікі» деген надан тілектерді білдіреді. Ешкім жігітке: «Сен әйелің мен балашағанның бақыты үшін жаныңды ки», «Өлсең де, тірілсең де, жарынды бақытты қыл», «Ешқашан басқаға көзін түспесін» дегенге үксас сөз айтпайды.

Жақында бір ағам үйленді. Біздің әулет (оның да өз үйі) қирап отырған түгі жоқ. Бірақ жеңгем келгенде бәрі гүлденіп кетуі керектей, әркім бір көпіріп әңгіме айтты. Өз ата-анасы, ата-әжесі болса мейлі-ау, көрші-қолаң, ит пен құс та бес парызына келінге ақыл айту кіретіндей көпіре сөйлейді. Біздің қоғамда сәуегей білгіш өз бойында жоқтың бәрін келіннен көруге ұмтылады. Бұл – баяғыдан бар нәрсе.

КӨРМЕ



АНГЛИЯНЫ АРАЛАП ШЫҒЫҢЫЗ!

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Табылды Мұқатовтың «Армысың, Англия!» атты жеке көрмесі ұйымдастырылды.



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Көрме суретшінің 75 жылдық мерейтойына және шығармашылық қызметте жүргеніне 50 жыл толғанына орай ұйымдастырылған. Көрме экспозициясына автордың 2005–2014 жылдар аралығында жасаған 30-дан астам графикалық туындылары енген. Атауынан көрініп тұрғандай, көрме У.Шекспирдің Отаны – Англияға арналған. Онда шебер пленэрде жұмыс істеп, Лондон пейзажының өзіндік ерекшелігін және оның айналасын жеткізе отырып, өз туындыларын жасаған. Т.Мұқатовтың заманауи қаланың күнделікті өмірінің көп қырлы сипатын, онда тұратын адамдардың бейнесін, олардың тұрмысын және сирек кездесетін еңбегін жеңіл сипаттайтыны таңқаларлық.



«Аталмыш көрмені дос-жарандарымнан естіп келдім. Ерекше әсерге бөлендім. Атауының өзі көрермендерге қызығушылық тудыратындай. «Қандай туындылар қойылды екен, Англияның қаласы, ондағы тұрғындардың өмірі жайлы баяндалған ба?» деген сұрақтармен келген едім. Жауабын да таптым, өнеріне басымды иемін. Қанық бояуларды картинаға шебер пайдаланған. Қашан көрсең де, жауыңа оранатын Еуропаның бейнелері дәлме-дәл шығыпты. Автордың «Ормандағы алаңқай» атты туындысы көзіме оттай басылды, көңілімнен шықты», – дейді Айназ Қанатқызы есімді студент.

Суретші күнделікті өмірдің сұлулығын қарапайым жеткізген. Демократиялық мотивтерді жақсы қолданған. «Ватерлоо көпіріндегі желді күн», «Эустон көшесіндегі жаңбыр», «Сохо алаңындағы қызыл үй» атты акварельдерінде нысанның шынайы бейнесіне қол жеткізеді. «Автор «Кешке Темза жағасында», «Қызыл автобусты көше» суреттерінде эстетикалық тұрғыдан заманауи өмірді сипаттайды. Қалалардың әлемілігін жарқын түстермен көрсетеді, көз алдындағы әлемді өзіне тән тұрақты құбылмалылығымен сипаттайды. Адам мен оның қоршаған ортасының бірлігін қайта жасайды. Т.Мұқатов «Жауын алдында», «Көгалда», «Ормандағы алаңқай», «Бақта» пейзаждарында жекелеген бөлшектерге бой алдырмай, көрілген нәрсенің қайталанбас сипатын «сақтап қалуға» мүмкіндік беретін «алғашқы әсердің» айқындығын, күші мен жаңалығын сақтауға тырысады», – дейді көрме жетекшісі, Әбілхан Қастеев атындағы ҚР МӨМ ғылыми қызметкері Еркежан Омарова.

Суретші өмірдің үздіксіз ағымында кездейсоқ көзге түскен сәттерге айрықша мән беріп, Еуропа елдерінің өмір салтын, тұрмыс-тіршілігін шебер бейнелеген. Табылды Мұқатов көпшілік қауымға кітап иллюстраторы ретінде де жақсы таныс. Ол безендірген еңбектер қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы бірқатар ұлттық бейнелерді жасауға септігін тигізді. Суретші 1968 жылы Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін, 1973 жылы И.Федоров атындағы Львов полиграфиялық институтын бітірген. Ол М.Әуезов, І.Жансүгіров, С.Жүнісов және Э.Хемингуэй сияқты белгілі жазушылардың кітаптарын әрлеумен айналысқан. Ұлы ақынның 200 жылдығына арнайы шығарылған Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің бірегей басылымы 2003 жылы ЮНЕСКО-ның алтын медаліне ие болды. Болгариядағы республикалық және бүкілодақтық көрмелерге, плакат және кітап графикасы көрмесіне қатысқан. Қазіргі уақытта Алматы қаласында тұрады және осында жұмыс жасайды.



ХИКАЯТ

Ауыл сәттері естелікке толы

Ол жақта бәрі айрықша. Заман мүлгіп жатқандай. Көрінген кісінің сәлемін алу – парыз. Бұл – ізеттіліктің белгісі. Тіпті, итің жаман деп айтуға ыңғайсызданасыз. Бұл – мәдениеттіліктің белгісі.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Елде жүргенде әркімнің үй-жайынан хабардар едік. Кімнің баласы оқуға түсті, кім қайда жүр. Жалпы, барлығынан хабардар болатынбыз. Үлкен кісілер той-томалақ, өлім-жітімде үйге бас сұғып тұрады. Сондай кезде баласы немесе немересі, кей-кейде иттеріне дейін еріп жүретін. Егер ол сіздің үйіңіздің итіне жақса, екеуі ырылдаспайтын. Әйтеуір иттер арасында талас-тартыс болмайтын. Біз де көп кісілердің итіне дейін білетінбіз. Кімнің иті қабаған, содан қашық жүретінбіз. Бір қарағанда, иттер де ақылды. Бас-көз демей, тап бермейтін. Бұл – біздің ауылдың хикаятының бір парасы ғана...

Бұрынғылар ерте замандардан үй жануарларын қастерлей білген. Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамда итке қатысты түрлі көзқарас бар. Халқымыз «Ит – адамның досы» деп текке тәмсілдемеген. Бүгіндері үй-жайында ит асырайтындар көбейген. Ертедегі адамдар білгендей, адамға серік жануар деп атапты. Ғалымдардың айтуынша, адамның сөзін ұғып, қимыл іс-әрекетке баратын бірден-бір мақұлық иесі екен. Сол себепті де, үй жануары туралы бірқатар ойларды тарқатып беруді жөн санадық.

XXX

Біз бала күнімізде малшы ауылда тұрдық. Нақтырақ айтсам, Сырдария өзенінің жағасында орналасқан қоржын тамда. Ол Шиеліден 20 шақырым жерде болатын. «Су бар жерде, ну бар» дейді емес пе? Үйіміздің айналасы тораңғыл, ешкі тал мен жиде ағашы. Көктемде қызғалдақ пен сарғалдақ гүлдегенде құдды бір кілем жайып қойғандай көрінетін. Үйдің арты жал-жал құм. Оны Бесқұм асуы дейтінбіз. Көз алдыңызға баяғы қазақы ауыл елестейді. Көрші үйде атамның қарындасы тұратын. Ол кісіні апа деп атайтынбыз. Апамның қосағы қақпан, тұзақ құрып, кейде мылтықпен аң-құс атып әкелетін. Ал апам болса, түйе, жылқы, сиыр сауып, құрт пен майды, ірімшік, айран мен қатықты керемет әзірлей білетін. Қазан жаппаны дәмді пісіретін. Шіркін-ай! Олар ірі қараны көптеп өсіретін. Ал менің әке-шешем уақ мал мен біршама сиыр ұстайтын. Дарияның жағасы болғаннан кейін бе, екі үй де бау-бақшалықпен айналысты. Өрік, шабдалы, шие, жүзім қандай тәтті десеңізші!



Онымен қоса табиғат берген даланың итмұрыны, саңырауқұлағы, жабайы жуасы болатын. Жездемдерде бала көп. Ержеткендері де, мектеп жасындағылары да бар. Ал біз – екі қарындасым, ата-анам, көкеміз – Абылайхан алтауымыз тұратынбыз. Кей-кейде атамның анасы – дәу әжеміз келетін. Жаз күндері киіз үй тігіп, ішінен жертөле қазып, айран-суымызды ішіне салып қоятынбыз. Ол – қазіргі тоңазытқыш. Құдды бір белгісіз аралда күн кешіп жатқандай болатынбыз.

Бір күні жезде атам ұлдарымен аңға шығып, жолшыбай қақпанға түскен қасқырларды әкелді. Біздер баламыз ғой, қайдан білейік. Оларды күшік деп ойлап, таяқ, тас лақтырып қашамыз. Ол үйдің балалары да қызық үшін қамшымен ұрып, күрзімен теуіп, зәбір көрсететін. Түз тағыларының аяқ-қолдары құрсауланған. Үйімізде Тузик пен Рекс дейтін иттеріміз бар-тын. Тузик шағын ғана, бірақ мығым, қытайдың пандасына ұқсас келетін. Өте қабаған. Ал Рекс бұған қарама-қайшы. Ірі денелі болатын. Екеуіне де ортақ мінез – қарсыласқаннан қан шығармай қайтпайтын еді. Әкелгендері енді жетіліп келе жатқан қаншық пен еркек қасқыр екен. Алғашқы күндері қасқырларға тиіспеді. Біздің иттер түнімен абалап, жатпайтын болды. Үшінші күні жездем еркек қасқырдың терісін алды. Екіншісін арғы күні соямыз дескен. Сол түні қаншық түн ұзаққа ұлумен болды. Иттер де күндегісінен әлдеқайда көп үрді. Таң қылаң бере тыныштық орнағандай. Көкем ерте тұрып қойды өріске айдайтын. Сол әдеті бойынша қораға барса, екі-үш қой жайрап жатыр екен. Дереву әкемді оятты. Болған оқиғаны баяндады. Әкем жүгіріп көрші үйге кетті. Сөйтсе, олардың жабағысының құйрығын жаралапты. Сол баяғы ұрғашы қасқыр босанған бойда қасқырлығын қылған. Біздің Тузик пен Рекс көрінбейді. Қарасақ, екеуі әбден болдырған, үстері қан-қан мал қора түбінде жатыр екен. Сірә, екеуі болмағанда, ендігі қорадағы бар қойдан айырылар ма едік? Кім білсін?! Екі үйдегілер де қанша рет білтелі мылтығын оқтап, мықтап іздесе де, қаншықты таппады. Онан бері бірнеше ай өтті. Бір күні кеште, біздің иттер көрінбей қалды. Ымырт жабылып, көз байланып қалған-ды. Үрген иттің үні естілді. Шуылдаған жел бір естіртті, бір естіртпейді. Дауыс тоғай жақтан шықты. Әкем екеуіміз тоғайдан қазан-ошақтың астына отын әкелуге кетіп барамыз. Аспан түнеріп келеді. Біз жүрген сайын дауыс жақындай түсті. Әкемнің орманға шықса, арқасында мылтығы жүретін әдеті бар болатын.



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Ит – адамға ең жақын үй жануары. Бұл әлдеқашан дәлелденген пайым. Әсіресе, қазақ халқы құмай-тазыны жеті қазынаның біріне балаған. Мұнысы тектен-тек болмаса керек-ті. Дүние жүзіндегі ең қауқарлы, ең жүйрік әрі адамның досы. Адамзаттың сенімді серігіне айналған жануар жайында 5 қызықты мәліметті ұсынамыз.

* Адамға қарағанда иттер дауысты 10 есе жақсы ести алады. Ал иісті 100 000 есе артық сезеді. Тіпті, бұрынырақта сезінген иістері де есінде қалады.

* Үй жануары сипалап, құшақтағанды ұнатпайды. Оны өзін басыну деп қабылдайды екен. Сондай-ақ, ит асырайтындар өзгелерге қарағанда көзін 66%-ға көп қозғалтады екен.

* Иттер 250 сөз бен қимылды есінде сақтайды. Ең қызығы, беске дейін санап, қосу-алу секілді қарапайым есепті шеше алады. Тіпті, зеректілік деңгейі екі жасар баламен бірдей.

* Олардың жүрегінің соғуы адаммен тең. Шамамен, минутына 60–100 соғады. Оған шоколад беру жүрегіне «у» берумен қатар зияндық етеді.

* Екінші дүниежүзілік соғысқа сырттандар да қатысты. Нақ сол кезде қызыл әскердің құрамында 70 000 ит қызметте болған.

Абалап, қиқулаған жаққа беттеп келеміз. Әсіресе, Тузиктің даусы ерекше шығуда. Рекс те қалысар емес. Ырылдасып, құдды бір соғыс болып жатқандай. Біз де жеттік. Баяғы қаншық екі итке дес бермей жатыр екен. Намысқой Тузик барынша қарсыласып бағуда. Үсті-бастары қызыл-ала қан. Екі тарап та қалжыраған. Мен айғайға салдым. Тузик маған қарап қалған сәтте, қылтамақтан қаншық тістеп байғұс итті жазым қылды. Мылтық оғы қаншықты жайратып салды. Жел де тоқтап, аспанның түнергені қараңғылыққа ұласты. Бір бұта түбінде Рекс сілейіп жатыр. Оны көтеріп үйге әкеттік. Бірақ – Тузиксіз. Осыдан кейін көп уақыт Тузикті есімнен шығара алмай жүрдім. Оның шағал, мәліммен

айқасын білетінмін. Дегенмен, қасқырмен арпалысуын алғаш көруім. Өзі де қартайған ит еді. Егер де «Сырттандар» ертегісіндегідей қасқыр иттен жеңіліс тапқан болса, бүгінде иттің мысы басым болар ма еді деп ойланым қаламын.

Осы оқиғадан көп ұзамай менің Шиелідегі жаңа оқу жылым басталды. Тек демалыс уақытында малшы ауылға барып тұрдым. Рекс ажалы жетіп тоғайда өліпті. Оны кейіннен жездемдер көрген. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дегені осы шығар. Есесіне, екі күшік асырапты. Кейде баяғы зәбір көрсетіп тепкілеу, оның үстіне қаншықтың өзінің сыңарына деген «махаббаты» осы жайттардың болуына алып келді ме екен деп ойлап қоямын.

ТҮЙІН:

Қазақ халқында, оның сыртында әлем халқының түсінігінде хайуанаттарды қастерлі санау – ғасырлар бойы қалыптасқан ұғым. Қазақ жұрты сыртқы жан-дүниемен тығыз байланыста. Біз сөздің магиясы бар, құдіретті, қастерлі деп сенеміз. Қазақ халқы кейігенде, «ит адам екенсің» немесе «мысық тілеулес» дейді. Біздің ата-бабаларымыз өте дана болған ғой, бұрынғылардың әрбір сөзінде астарлы ой сезіліп тұрады. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дейді. Айналадағы жан-дүниенің бәрінің қадір-қасиетін «сакралдылығын» бойларына сіңіргені соншалықты, жануарға зиян еткенді обал болады, олардың киесі ұрады дейтін. Жалпы, осындай наным-сенімдерден «қасиетті», «киелі», «қастерлі» ұғым-түсінігі қалыптасқанын аңғарамыз.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 15 тамыздағы
№3/393 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 15 тамызында №29124 тіркелген

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында
әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына
бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру
қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 14 қарашадағы
№4/616 қаулысының күші жойылды
деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына
сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 14 қарашадағы №4/616 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1597 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 тамыздағы
№3/314-414 қаулысы

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға
байланысты жер учаскесін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тар- мақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жол үшін «СК-комплекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Ала- тау ауданындағы «Көк-Өзек» Тұтыну кооперативі, 1859/3 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-072-1864), ауданы – 2,5273 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымай- тын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 жел- тоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ау- даны, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабыл- данған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байла- нысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәж- бүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы- ның теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Өзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 тамыздағы
№3/314-414 қаулысы

**Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы- на сәйкес және Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2022 жылғы 13 қаңтардағы шешімі негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің қаулылары жойылсын:

1) Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қазандағы №4/494-888 «Алматы қаласының Медеу ауданында өтетін жолды ұйымдас- тыру үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы»;

2) Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қазандағы №4/494-900 «Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының Ме- деу ауданында өтетін жолды ұйымдастыру үшін қауымдық серви- тут белгілеу туралы» 2021 жылғы 8 қазандағы №4/494-888 қаулы- сына өзгеріс енгізу туралы».

2. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты осы қаулы- ны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру- ды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Өзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

**2022 жылға «Almaty aqshamy»
газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр**

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқыр- мандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

**БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ**

«Кастинг» ЖШС-ға:

- аппаратшы-гидрометаллург;
- кран машинисі;
- слесарь-сантехник;
- электромонтер;
- түрлі жұмыстарға жұмысшы керек.

Тел.: 8 771 504 42 13.

«Жедел күзет» күзет компаниясы:

- күзетші іздейді.

Тел.: 8 702 694 43 45.

«БАРС» күзет агенттігіне:

- күзетші қажет.

Тел.: 8 707 660 04 51.

«Көктөбе» балабақша-мектебіне:

- тәрбиеші;
- бастауыш сынып мұғалімі керек.

Тел.: 8 705 666 50 40.

«Еуразиялық банк» АҚ-ға:

- берешекті өндіріп алу жөніндегі маман қажет.

Тел.: 8 747 713 61 83.

«Kaz Trade» холдингіне

- сауда өкілі;
- бухгалтер-оператор;
- мерчендайзер керек.

Тел.: 8 747 626 42 99.

«Отбасы банк» АҚ-ға:

- кеңесші қажет.

Тел.: 8 775 172 67 68.

«ТОIMART» супермаркетіне:

- сатушылар;
- кассирлер;
- жүк тиеушілер керек.

Тел.: 8 771 506 85 36.

«Блинова» ЖК:

- тігіншілер іздейді.

Тел.: 8 701 403 54 45.

«Компания ОБИС» ЖШС-ға

- құю желісіне оператор;
- жүк тиеушілер;
- қаптаушылар;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшы ке- рек.

Тел.: 8 701 710 50 35.

«P.F.Chang's» азиялық тағамдар мейрамханасына:

- аспаздар;
- бармендер;
- даяшылар;
- хостес;
- техкызметкерлер қажет.

Тел.: 8 700 087 22 88.

М.А.Айтхожин атындағы Молеку- лалық биология және биохимия инс- титутына:

- инженер-электрик керек.

Тел.: 8 775 769 32 48.

«АЛЕКО» көлік компаниясына:

- клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджердің ассистенті керек.

Тел.: 8 776 704 21 33.

Алюминий профильдерін шыға- ратын зауытқа:

- қаптаушылар қажет.

Тел.: 8 775 836 94 52.

«On Bot Service Kazakhstan» ЖШС-ға

- сантехниктер;
- электриктер;
- желдету саласы бойынша маман- дар керек.

Жалақысы – 150 000 теңге. Жұмыс кестесі: екі тәуліктен кейін.

Тел.: 8 777 215 55 81.

«Ложка-Вилка» асханалар желісіне шұғыл түрде:

- аспаз (қолға тиетін жалақысы – 160 000 теңге);
- аспазшы-аспаз (қолға тиетін жалақысы – 160 000 теңге);
- аспазшы (қолға тиетін жалақысы – 200 000 теңге);
- аспаздың көмекшісі (қолға тиетін жалақысы – 115 000 теңге);
- дайындаушылар (қолға тиетін жалақысы – 110 000 теңге);
- ыдыс жуушылар (қолға тиетін жалақысы – 110 000 теңге);
- асүй қызметкері (қолға тиетін жалақысы – 125 000 теңге);
- үлестірушілер (қолға тиетін жа- лақысы – 115 000 теңге);
- жүк тиеуші, әртүрлі жұмыстарға жұмысшы (қолға тиетін жалақысы – 140 000 теңге) керек.

Жұмыс кестесі: 5/2, сағ. 07.00-ден 18.00-ге дейін.

Жұмысқа тұру құжаттары ҚР-ның ЕК талаптарына сәйкес рәсімделеді, еңбек демалысының ақысы төленеді, жалақы тұрақты.

Байланыс тел. (немесе Whats- App): 8 707 577 76 87 және 8 707 221 57 85 (Марина Анатольевна).

ЖҰМЫС ТАБУЫҢЫЗҒА

ТІЛЕКШІМІЗ!

«Alataу Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің бөлім редакторы Рая Ескендірге аяулы анасы, Білім беру ісінің үздігі, еңбек ардагері

Тамара ЖАҚАНҚЫЗЫНЫҢ

өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа- шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӨУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық- саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



Архивке саяхат



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде биылғы Балалар жылына орай «Болашақ архивші» балаларға арналған ақпараттық-танымдық іс-шара өтті.

Негізгі мақсат – балаларға архивтің қызметі мен міндеттерін жан-жақты таныстыру, архившілердің күнделікті жұмысын ойын түрінде көрсету. Балалар ҚР Президенті Архивінің құжаттары сақталатын зертханалық корпусына экскурсия жасады. Экскурсия кезінде балалар құжаттар жинақталған қойманы көрді.

Экскурсиядан кейін архив қызметкерлері Ботагөз Бейсенбекқызы мен Аян Жолдасов арнайы шеберлік сабағын өткізді. Оларға архив қызметкерлері күнделікті істейтін жұмыстарын ойын түрінде жасау табысталды. Қорапқа орналастыру, істерді нөмірлеу, құжаттарды зерттеу, конверттерді дайындау, соңында архив құжаттарына мөр басу секілді бірқатар жұмыс тапсырылды. Балалар шеберлік сабағына белсене қатысты.

Гүлшат Ысқақова архив құжаттарына реставрация қалай жасалатынын тәжірибе жүзінде көрсетті. Шара соңында балаларға белсенділігі үшін арнайы сертификаттар табысталды.

КІТАПХАНА

Көркем әдебиеттер сатып алынады



Оқу-ағарту министрі А.Аймағамбетов Үкімет отырысында еліміздегі мектеп кітапханаларына 2 миллионға жуық көркем әдебиет сатып алынатынын мәлім етті.

«Бүгінгі күні өңірлерде оқулықтарды жөнелту және жеткізу жұмыстары 67% орындалды. Екінші сынып оқулықтарының 79%-ы жеткізілді. Осы аптаның соңына дейін толығымен аяқтайтын боламыз. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларына 2 млн-ға жуық дана қызықты көркем әдебиет сатып алынады. Жаңа оқу жылында балаларды кітап оқуға баулу жұмыстарын әрі қарай жалғастырамыз», – деді ведомство басшысы.

Министрдің мәліметі бойынша, биыл салынуы жоспарланған 225 мектептің 81-і осы оқу жылы басталғанға дейін қолданысқа берілмек.

«Жергілікті әкімдіктер биыл 225 мектеп салуды жоспарлады. Оқу жылының басына дейін 41 мемлекеттік мектепті және 40 жекеменшік мектепті ашу жұмыстары аяқталуы тиіс. Әр өңірге нақты көрсеткіштер бекітілген», – деді министр.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ТАРАЗЫ ЖҮЛДЫЗ» ТУҒАНДА

дала шөбі қатайып, дәріге айналады. Данышпан халқымыздың «Ем издесең таразының шөбінен ізде, жем издесең таразының шөбін күзе» деген қанатты сөзі бар



Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазір Сартамыз амалы жүріп жатыр. Тамыздың 25-іне дейін жалғасады. Сартамыз сөзі тамыздың соңы деген мағынаны білдіреді. Шөп сабағының сарғаюына қаратылып айтылған сыңайлы. Еліміздің кейбір алыс аймағында «сарша тамыз», «аңшы амалы» деп аталады.

Амал кезінде ауа райы өте ыстық болғандықтан, малдың күйі кетеді, малшылар орта жайлаудан төр жайлауға көшеді. Осы мезгілде мал шелденіп тойынып үлгермесе, қыста қар қалың болып, қазақтың «қайың сауған» дейтін жұтына ұшырауы мүмкін. Амал уақытында бұғылар бұзаулап, жас төлін ертіп жайылады, осыны пайдаланып аңшылар аң аулайды.

Ауа райы салқын тартып, көк жүзін қысыр бұлттар бүркеп, күз нышаны сезіле бастады. Бұл – күздің алғашқы белгісі. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Осы кезеңді Таразының тууы деп атайды. Қазіргі кезде ғалымдардың ғылымда «Орион жұлдызы» деп жүргені осы таразы жұлдызы.

Қазақ есепшілері жаз ортасы ауа бастағаннан аспан жұлдыздарына көз тіте бастайды. Қай күні аспаннан жарқ етіп Таразы жұлдызы туа қалса, күздік жиын-терімге кіріседі. Малдарды қырдың ақ отына қарай айдап бағады. Бір жұма ойдың көк отына, бір жұма қырдың ақ отына баққан малдың еті мен сорпасы дәріге айналатынын, емдік қуаты жоғарылайтынын казекеңе өмірдің өзі үйреткен.

Қазақ аналары бұл кездегі айран, сүт, құрт, ірімшік, іркіт, шұбатты дәрі ретінде балаларына мейлінше ішкізіп жегізеді. Әсіресе, «қымыздың дәмі келді, Таразы туды, қымыз дәрі, сары қымыз – ауруға ем дәрі қымыз» деп ұғынған.

Қазақтар Таразы жұлдызы «Күз жұлдызы», «Салқын жұлдыз» деп атайтыны да содан. Таразы жұлдызы жаз бен қыстың, көктем мен күздің, ыстық пен суықтың, салқын мен жы-



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ЖАЗ КҮНДЕРІНЕ ЖОРАМАЛ:

- Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- Ертеңгі күн құлақтанса, шаруаға жайсыз, кешкі күн құлақтанса, келер күн ашық болады.
- Аңызак ыстық болса, қыста қатты аяз болады.
- Бұлт желге қарай көшсе, ұзамай жаңбыр жауады.
- Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

лының арасын таразылап тұрады. Сондықтан бұл жұлдызды қазақ «Таразы жұлдызы» немесе «Қазы жұлдыз» деп атап кеткен. Таразы жұлдызы туған күннен бастап күздің алғашқы ұсақ маржан, салқын жаңбыры басталады. Қырдың қара оты таразы жаңбырымен қайта жайқалып өсіп толады. Артынан тез сірге айналады. Жайылым малға ерекше жұғымды бола бастайды. Төрт түлік мал тез қонанады, шілденеді. Тойынып, жұп-жұмыр болып семіреді...Таразы жұлдызы араға ай салып «Таразы амалы» болып оралады.

Шілде өткесін Шолпан жұлдыз таң алдында шығыстан жарқырап туса, күз жиын-терімге қолайлы, қыс шаруаға жайлы болады деген бұрыннан келе жатқан болжамы бар. Ұйқысын қиып, таңнан бұрын шығысқа көз салған адамның Шолпан жұлдызын аңғарары анық.

Таң алдында сап-сары алтындай

болып күншығыс жақтан жарқырап туған жұлдызды шолпан жұлдызы деп атайды да, онымен жарыса артынан туған сәл кішілеу жарық жұлдызды «таңшолпан» деп атаған. Қазақтар шолпан жұлдызы мен таңшолпан жұлдызының қатар туғанын көрген адам өмір бойы, тіпті жеті атасымен бақытты болады, мол ризықты, таусылмас дәулетті болып өтеді, ұзақ өмір сүреді деп ырымдаған. Бұл екі жұлдызды таңмен таласа оянған қыз бен жігіт қатар көрсе, екі дүниеде бір-біріне ғашық болып, араларына жамандық кірмей, ұрпақты, ғұмырлы болады деп ұғынған.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, тамыздың – 18-і, ай жүйесімен тамыздың – 20-сы, қазақша есепке сүйенсек, тамыздың бесінші күні. Демек, апта айды түгел қамтып тұр. Бұл аптаның құбылмалы болатынын білдірсе керек... Күн сайын аз да болса салқындық сезіліп тұрады.

КИНОКЕҢІСТІК

«Көше ақыны» Кореяда көрсетіледі



Қазақстандық режиссер Самғар Рақымның «Көше ақыны» фильмі Оңтүстік Кореядағы халықаралық кинофестивальге ұсынылды.

«Көше ақыны» қыскаметражды фильмі Music film's Landscape секциясында көрсетілмек. Бұл бөлім заманауи

музыкалық фильмдерден бастап, әртүрлі музыкалық жанрлар мен музыканттарға арналған фильмдерді, сонымен қатар музыка арқылы әмбебап өмір мен түрлі мәдениеттерді көрсететін барлық картиналармен таныстырады.

«Көше ақыны» фильмінің желісі ұрпақтар арасындағы қактығыс мәселесін қозғайды. Оқиға айтыста нан тауып жүрген әкесі Танжарық пен оның ұлы Тұранның арасында өрбиді. Мәселен, рәпке қызығып, түрлі рифмалар мен речитативтерді құрастыратын ұлының өнерін әкесі қабылдамайды. Фильмнің авторлары көрерменге кез келген түсініспеушілікті шешіп, уақыттың жаңа тенденцияларына бейімделуге болатындығын, сонымен қатар ата-бабалар мұра еткен құндылықтарды сақтау керектігін көрсетуге тырысқан.

Өткен жылы «Көше ақыны» АҚШ-та өткен Meihodo International Youth visual Media Festival 4-ші халықаралық кинофестивалінде «Музыкалық бейне» санатында марапатқа ие болды және Annapolis Film Festival көрермендер көзайымы жұлдісін жеңіп алды. Сондай-ақ, жыл сайынғы 6-шы Халықаралық Baiqonyr International Short Film Festival қыскаметражды кинофестивалінде картина «Үздік монтаж» номинациясы бойынша үздік деп танылды.

Айта кетейік, 18-ші Халықаралық музыка және кинофестивалі Чехон қаласында (Оңтүстік Корея) өтіп жатыр.

Ақтолықн ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.